

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Е.Б.Бапиева
Д.Ә.Смағұлова
Ш.А.Парменова

ДҮНИЕТАНУ

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

3



ӘОЖ 373. 167.1
КБЖ 20.1 я71
Б24

- Бапиева Е.Б., ж.б.
Б24 **Дүниетану: бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған оқулық.** / Е.Б.Бапиева, Д.Ә.Смағұлова, Ш.А.Парменова. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2026 – 128 бет.

ISBN 978-601-201-521-8

Оқулық бастауыш білім беру деңгейінің 3-сыныбына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жазылды.

ӘОЖ 373. 167.1
КБЖ 20.1 я71

ISBN 978-601-201-521-8

© Бапиева Е.Б.,
Смағұлова Д.Ә.,
Парменова Ш.А., 2026
© «Arman-PV baspasy», 2026

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер



Тірек сөздер



Негізгі ақпарат



Картамен жұмыс



Сұрақтар мен
тапсырмалар



Шығармашылық
жұмыс



Деңгейлік тапсырмалар
А деңгейі
В деңгейі
С деңгейі



Жұптық жұмыс



Топтық жұмыс



Ізденімдік тапсырма



Зерттеу тапсырмасы



АКТ тапсырмалары



Видеоматериалдар мен
интерактивті
тапсырмалар

Ескерту

Жұлдызшамен берілген сөздердің (мысалы, ауа-райы*) мағынасы 123–124-беттердегі түсіндірме сөздікте берілген.

Алғы сөз

Қымбатты дос!

Сен биыл да «Дүниетану» пәнін оқып-үйренуді жалғастырасың.

«Дүниетану» оқулығы сенің қоршаған ортаға деген қызығушылығыңды арттырады. Адамдарды, табиғатты, қоғамды, өз еліңді құрметтеуді үйретеді.

Пәннің басты мақсаты – сенің табиғат пен қоғамды танып, саналы, жауапты азамат болып қалыптасуыңа атсалысу.

Оқу барысында сен уақытты басқару, шығынды жоспарлау, еңбекке құрмет және бастапқы зерттеу және шығармашылық дағдыларын дамыта аласың. Отбасының, достардың маңызын ұғасың.

Әр тақырып басында **Ізденіс** есімді бала  саған сұрақтар қояды. Сен тақырыпты меңгеру барысында осы сұрақтарға жауап табасың.

«Сен білесің бе?» айдарынан тақырыпқа қатысты қосымша қызықты мәліметтермен танысасың.

«Сұрақтар мен тапсырмалар», «Деңгейлік тапсырмалар», «Жұптық жұмыс», «Топтық жұмыс» тапсырмалары саған алынған білімді қолдануды үйретіп, бекіту, толықтыру жұмыстарын іске асыруға жетелейді. «Картамен жұмыс», «Шығармашылық жұмыс», «Ізденімдік тапсырма», «Зерттеу тапсырмасы», «АКТ тапсырмалары» сұрақ қою, бақылау жүргізу, ақпаратты өңдеу, тұжырым жасау дағдыларын қолдануды, қауіпсіздік ережелерін меңгеруді үйретеді.

Сен зерттеу жүргізіп, сұрақтар қоя білуді, өз еліңді сүйуді, табиғатты қорғауды, шығармашылық ойлау мен жауапкершілікті үйренесің. Алған біліміңді өмірде қолдануға мүмкіндік аласың.

I БӨЛІМ

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ



Бұл бөлімнен сен:

Қазақстанда қандай климат барын білесің және ауа райы қауіпті болғанда өзінді қалай қорғау керек екенін үйренесің;



табиғаттағы қауіп-қатерлер және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайда олардан сақтану жолдарын меңгересің;

адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдауды игересің;



апаттар туындаған жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруды үйренесің.





1-сабақ

Климат және ауа райы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанда қандай климат барын білесің және ауа райы қауіпті болғанда өзінді қалай қорғау керек екенін үйренесің.

Ауа райы, климат, температура, жауын-шашын, бұлт, жел, карта.



- Климат деген не?
- Ауа райы деген не?
- Екі ұғымның ерекшелігі неде?



Климат дегеніміз – ауа райының* белгілі бір аймаққа тән және үнемі қайталанып отыратын жай-күйі. Климат **жылдар бойы** қалыптасады. Мысалы: Қазақстанда қыс суық, жаз ыстық. Бұл – **құрлықтық климат**. Африкада жыл бойы ыстық. Бұл – **тропиктік климат**.

Қазақстанның климаты. Қазақстан – аумағы өте үлкен ел. Қазақстан орманды дала, дала, шөлейт және шөл аймақтарында орналасқан. Бұл аймақтар орманды дала → дала → шөлейт → шөл болып, солтүстіктен оңтүстікке қарай өзгереді. Осыған орай, еліміздің климаты да солтүстіктен оңтүстікке қарай өзгеріп отырады. Күн сәулесі оңтүстікке тіке түскендіктен, жылуды көп береді.

1. Орманды дала аймағы (1-сурет).

Еліміздің солтүстік өңірлері. Климаты: жазы жылы, қысы суық, қарлы. Жауын-шашын* мол. Орташа температурасы: қыста $-18...-28^{\circ}\text{C}$, жазда $+18...+20^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 370–430 мм.

2. Дала аймағы (2-сурет). Солтүстік және орталық өңірлер. Климаты: жазы



1-сурет. Орманды дала аймағы

жылы, қысы суық. Жауын-шашын орташа. Орташа температурасы: қыста $-15\ldots-20^{\circ}\text{C}$, жазда $+20\ldots+24^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 250–310 мм.

3. Шөлейт аймағы (3-сурет). Орталық және батыс Қазақстан. Климаты: жазы ыстық, қысы суық. Жауын-шашын аз. Орташа температурасы: қыста $-10\ldots-15^{\circ}\text{C}$, жазда $+24\ldots+28^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 180–250 мм.

4. Шөл аймағы (4-сурет). Оңтүстік және оңтүстік-батыс Қазақстан. Климаты: жазы ыстық. Жауын-шашын аз. Қысы жұмсақ, қар аз. Орташа температурасы: қыста $-2\ldots-10^{\circ}\text{C}$, жазда $+26\ldots+30^{\circ}\text{C}$, жауын-шашын мөлшері 100–150 мм.

Ауа райы дегеніміз – белгілі бір жерде күнделікті болып тұратын табиғи құбылыстар (5-сурет). Ауа райы күн сайын, тіпті бірнеше сағат сайын өзгеріп отыруы мүмкін. Мысалы: кеше жаңбыр болды. Бүгін күн ашық. Ертең қар жауады.



2-сурет. Дала аймағы



3-сурет. Шөлейт



4-сурет. Шөл аймағы



5-сурет. Ауа райының белгіленуі

Ауа райына не әсер етеді? Ауа райына температура (ыстық/суық), жел, бұлт, жауын-шашын (қар, жаңбыр) әсер етеді.

Ауа райы мен климаттың айырмашылығы қандай? Ауа райы мен климаттың айырмашылығымен таныс (1-кесте).

1-кесте. Ауа райы мен климаттың айырмашылығы

Ауа райы	Климат
Күн сайын өзгеріп тұрады. Мысалы: бүгін жаңбыр жауды.	Ұзақ жылдар бойы қалыптасады. Мысалы: бұл аймақта жазда аптап ыстық болады.
Қысқа мерзімді.	Ұзақ мерзімді.
Радио, теледидар арқылы күн сайын хабарланады.	Географиялық карталарда көрсетіледі.

Ауа райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерімен* таныс. Оларды есте сақтап, қауіпсіздікті бірінші орынға қой (2-кесте).

2-кесте. Ауа райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелері

	Қатты жел кезінде: үлкен ағаштар мен электр сымдарынан алыс жүр. Қасында ересек адам болғаны дұрыс.
	Қарлы боран* кезінде: жылы киін. Жолда адаспау үшін таныс бағытпен жүр. Қасында ересек адам болғаны дұрыс.
	Жаңбырлы күндері: қолшатыр ұста немесе су өткізбейтін киім ки. Сырғанап құлап қалмауға тырыс.
	Қатты ыстықта: күннің астында ұзақ жүрме. Су ішуді ұмытпа. Бас киім ки.
	Тұманды күндері: жолда мұқият бол, көліктерді байқа. Ата-анаңмен бірге жүр.



1. Берілген ауа райына сәйкес ереже жаз.

Қатты ыстықта: Жаңбырлы күні:



2. Сұрақтарға жауап бер. Өз жауабыңды дәлелмен айтып үйрен: «Менің ойымша...», «Себебі...».

1. Ауа райын күнде өзгеріп тұратын құбылыс деп айтуға бола ма? 2. Климатты білу не үшін маңызды?



3. Карта (6-сурет) мен 3-кестеге сүйене отырып, өзің тұратын жердің қандай табиғат аймағына жататынын анықта. Климатын сипатта.

3-кесте. Табиғат аймақтарының картада бейнеленуі

Аймақ атауы	Ұсынылған түс
Орманды дала аймағы	Жасыл
Дала аймағы	Ашық жасыл
Шөлейт аймағы	Сары
Шөл аймағы	Қоңырқай



6-сурет. Қазақстандағы табиғат аймақтары



4. Деңгейлік тапсырмаларды орында.



А деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.

В деңгейі. Өз ойыңды дәлелдеп айт.

- Егер адамдар шөлейт жерде көп қоныстанса, не өзгерер еді?
- Егер орман жойылса, адамдардың өмірі қалай өзгереді?

С деңгейі. Топпен орындандар.

Жағдаяттар:

1-топ. Сыртта қатты ыстық. Саған сабаққа бару керек.

2-топ. Күн жаңбырлы. Саған сабаққа бару керек.

3-топ. Далада тұман. Саған сабаққа бару керек.

Тапсырма. Жағдаятты шеш.

Не кию керек?

Не істеуге болмайды? Неге?



Сен білесің бе?

Қазақстанда температураның ең үлкен айырмашылықтары тіркелген. Бір өңірде қыс кезінде -50°C -қа жуық аяз болса, жазда $+40^{\circ}\text{C}$ -тан асатын ыстық болуы мүмкін! Бұл климаттың қаншалықты ерекше әрі қатал екенін көрсетеді.



5. Сұрақтарға жауап бер.

- Климат деген не?
- Қазақстанның климаты қандай?
- Ауа райы деген не?
- Қолайсыз ауа райында не істеу керек?
- Бүгінгі ауа райы қандай? Сипатта.
- Ауа райы мен климаттың айырмашылығы қандай?



2-сабақ

Адамдар неге әртүрлі жерде тұрады?

Бүгінгі сабақта:

- адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдауды меңгересің;
- табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайда өзін-өзі ұстау ережелерін құрайсың.

Рельеф, климат, өсімдіктер әлемі, жануарлар әлемі, қоныстану, су нысандары, табиғатқа бейімделу, апаттар.



- Адамдар қоныстану үшін қандай жерлерді таңдайды?
- Сен қандай жерге қоныстанар едің?



Адамдар қоныстану үшін табиғи жағдайларға назар аударады. Жер бедері, ауа райы, климаты, су көздері тіршілік үшін өте маңызды. Табиғи жағдайлар барлық жерде бірдей емес. Адамдар жеріне қарай әртүрлі тіршілік етеді (4-кесте).

4-кесте. Адамдардың орналасуына әсер ететін негізгі факторлар

1. Рельеф* (жер бедері) Жер беті тегіс емес, таулы немесе жазық болуы мүмкін. • Жазық жерде адамдар егін егіп, жол салады. Қалалар тұрғызады. Жазық жер өмір сүруге ыңғайлы (7-сурет). • Таулы жерде адамдар мал өсіреді. Кей жерлерде бау-бақша, шағын егістіктер егіледі (8-сурет).	2. Климат (ауа райы) Ауа райы адамдардың өміріне әсер етеді. Жайлы климат адамға қолайлы. Мысалы, оңтүстікте жылы, сондықтан егіншілік* жақсы дамыған. Суық аймақтарда жылы үйлер салынады, қысқа дайындық жасалады. Адамдар жылы киінеді.
3. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі*. Адамдар көбіне өсімдіктер жақсы өсетін жерді таңдайды. Бұл мал өсіру үшін де қажет. Өсімдіктер мен жануарлар – тіршілікке қажет орта.	4. Су нысандары Су – өмір көзі. Су егін егу, тұтыну, балық аулау үшін керек. Сондықтан ауылдар мен қалалар

- **Орманнан** құрылысқа, жиһазға қажет ағаш кесіледі. Дәрілік өсімдіктер, жеміс-жидек теріледі. Арашаруашылығы дамиды.
- **Далада** мал өсіреді, шөп жинайды. Мысалы, Шығыс Қазақстанда орман көп, ал батыста шөлейт және шөл аймағы басым.

өзен, көл маңында орналасады (9-сурет). Мысалы, Ертіс өзенінің бойында (Семей, Өскемен, Павлодар, Ақсу қалалары).

- Су болмаған жерде адамдар аз тұрады.



7-сурет. Ақтөбе қаласы жазықта орналасқан



8-сурет. Саты ауылы (Алматы облысы) тау етегінде орналасқан



9-сурет. Ақтау қаласы Каспий теңізінің жағасында орналасқан

QR-ды ашып, бейнежазбадағы қосымша мәліметпен таныс.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.
А деңгейі. Қауіпсіздік ережелерімен таныс (5-кесте).

5-кесте. Апат түрлері және қауіпсіздік ережелері

Апат түрі	Қауіпсіздік ережесі
Жер сілкінісі*	Үстелдің астына тығыл, терезеден алыста бол.
Су тасқыны	Биік жерге шық, 112 нөміріне хабарлас.
Дауыл, боран	Үйден шықпа, терезені мықтап жап, жылы киін.
Орман өрті	Өрттен алыс бол. Тыныс алатын бетперде қолдан.

QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



В деңгейі. Сен саяхатшысың. Қазақстанның 3 түрлі табиғи аймағын зерттедің (10, 11, 12-сурет). Енді отбасыңмен бір жерге қоныстануың керек. Сұрақтарға жауап бер: 1. Қай жерге қоныстанасың? Таңдауыңды түсіндір. 2. Ол жерде өмір сүру үшін не қажет болады? 3. Қандай қиындықтар болуы мүмкін? 4. Қандай мүмкіндіктер бар?



10-сурет. Таулы аймақ

11-сурет. Шөлді жер

12-сурет. Өзен-көл жағасы

С деңгейі. Картадан (13-сурет) өзің тұратын жерді тап. Табиғатын, жер бедерін сипатта.



13-сурет. Қазақстан картасы



2. 4 топқа бөлініп, 4 түрлі табиғи жағдайға (тау, шөл, орман, өзен маңы) адамдардың қалай орналасатыны туралы постер жасаңдар. Мысалы: тау – үйлердің түрі, малшаруашылығы; өзен бойы – егіншілік, қала; шөл – сирек елді мекендер.



3. Мұғалім мен оқушының диалогін оқы. Топпен табиғи-климаттық апаттар кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырыңдар.

– Балалар, табиғатта кейде қауіпті жағдайлар болады. Мысалы, қатты жел, су тасқыны немесе жер сілкінісі. Осындай кезде біз не істеуіміз керек деп ойлайсыңдар?

– Сабыр сақтау керек.

– Иә, сабыр сақтасақ, дұрыс әрекет ете аламыз. Ең алдымен кімді тыңдауымыз керек?

– Үлкендерді тыңдау керек.

– Дұрыс! Үлкендердің айтқанын мұқият тыңдау қажет. Ал қатты жел соғып тұрса, ағаштың астында тұруға бола ма?

– Жоқ, болмайды.

– Өте жақсы! Ағаштар мен бағандардан алыс жүреміз. Ал егер жерден үзілген электр сымын көрсек ше?

– Оған жақындамаймыз.

– Дұрыс айтасың! Электр сымдарына жақындамау керек. Егер қауіп сезінсек, не істейміз?

– Ата-анама телефон соғамын.

– Өте жақсы! Хабар беру – өзімізді қорғаудың бір жолы.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Адамдар неге өзен бойына жақын тұрады?
- Тау мен жазықтың айырмашылығы неде?
- Табиғи жағдайлар қоныстануға қалай әсер етеді?



3-сабақ

Табиғи ортадағы қауіпсіздік

Бүгінгі сабақта:

- түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтауды және табиғи ортадағы өз қауіпсіздігіңді жоспарлауды үйренесің.

Табиғи орта, қауіп-қатер, өрт қаупі, су тасу қаупі, қауіпсіздік жоспары, алдын алу.



- Табиғи орта деген не? Онда қауіп-қатер бола ма?
- Дереккөздер деген не?



Табиғи орта – бізді қоршаған табиғат: ауа, су, жер, өсімдіктер, жануарлар, таулар, өзендер, ормандар.

Табиғи ортадағы қауіп-қатер деген не? Кейде табиғат қауіп төндіруі мүмкін. Мысалы: су тасқыны (14-сурет); қатты жел, дауыл (15-сурет); жер сілкінісі (16-сурет); қар көшкіні (17-сурет); құрғақшылық (ұзақ уақыт жаңбыр жаумауы) (18-сурет). Бұның бәрі – табиғи қауіп-қатерлер.



14-сурет. Су тасқыны



15-сурет. Дауыл



16-сурет. Жер сілкінісі



17-сурет. Қар көшкіні



18-сурет. Құрғақшылық

Дереккөздер – ақпарат алынған мәлімет көзі. Мысалы, теледидар (жаңалықтар), ғаламтор, оқулықтар, мұғалім немесе үлкендер, ғалымдар, ауа райы болжамы. Осы дереккөздерден біз табиғи қауіптер туралы ақпарат аламыз. Мысалы, «Бүгін түнде қатты жауын жауып, су тасуы мүмкін», – деп хабарласа, бұл – маңызды ескерту.

Қауіп-қатерді қалай анықтаймыз? Қарау: аспанда бұлт көп болса, жаңбыр жаууы мүмкін. Тыңдау: теледидар немесе

радиодан ауа райын білу. **Үлкендерден сұрау:** бұрын осындай жағдай болған ба екен? **Бақылау:** ғалымдар жер сілкінісін, су деңгейін арнайы құралдармен бақылайды.

Қауіпті бағалау деген не? Бағалау – қауіптің қаншалықты күшті екенін, қай жерде болуы мүмкін екенін білу. Мысалы, өткінші жаңбыр қауіпсіз. Нөсер мен су тасқыны қауіпті. Әлсіз жер сілкінісі сезілмеуі мүмкін. Жер сілкінісі қатты болса, үйлер құлауы мүмкін. Мысалы, *Айгүл тауда қар көшкінін жүріуі мүмкін екенін естіді.* Бұл – қауіп бар екені туралы ақпарат. *Ол тауға бармады.* Бұл – қауіп-қатерді анықтап, бағалап, алдын алу.

Қауіптен қалай қорғанамыз? Ол үшін ауа райын қадағалау керек. Қауіпті жерлерге бармау, үлкендердің сөзін тыңдау қажет. Дабыл белгілерін білу (сирена, СМС-хабарлама). Төтенше жағдайда қауіпсіздік жоспарын сақтау керек.



Орманда



Өзен жағасында



Тауда



Мұз айдынында

19-сурет. Табиғатта абай бол!

Тауда құлау, орманда адасып кету, өзен-көлде суға бату қауіпі бар. Жәндік шағуы мүмкін. Шөлді жерде сусыз қалу, найзағай қауіпті. Жел соққанда бұтақтар сынып, жарақаттауы мүмкін. Бірақ біз өз өмірімізді қауіпсіз ете аламыз! Ол үшін та-

биғатқа шықпас бұрын: 1) ата-анаңа қайда баратыныңды айт. Рұқсат сұра. 2) Қажетті заттарды ал (су, тамақ, баскиім, телефон, карта т.б.). 3) Ауа райын біл, соған сәйкес киім ки.

Саяхатта: қауіпсіздік ережелерін сақта. Топтан бөлінбе. Табиғатты қорға. Қоқыс тастама. Өсімдіктерге, жануарларға зиян келтірме. Орманда, өзен жағасында, таулы жерде, найзағай кезінде, сырғанақта сақтық шараларын сақтау керек (19-сурет).

-  1. Жағдаятты шеш. Сен достарыңмен бірге орманға серуенге баруға жиналды. Сұрақтарға жауап бер. Қауіпсіздік жоспарын жаса.

Орманға бармас бұрын қандай әрекеттер жасауың керек? Қауіп-қатерді болжа. Орманда қандай қауіп болуы мүмкін? Кем дегенде 3 қауіп түрін жаз. Мысалы, *адасып қалу*.

-  2. Шешім ұсын. 6-кестені толтыр. Қауіп туындағанда қандай әрекет жасау керек? Қалай алдын алуға болады?

6-кесте. Қауіпті жағдайда жасалатын әрекеттер

Қауіп түрі	Шешім (не істеу керек?)
Бейтаныс жидекті көру	
Жәндік шағуы	
Жарақат алу	

-  3. QR-ды ашып, бейнежазбамен таныс. Білгендеріңді қорытып, өз қауіпсіздік ережелеріңді құрастыр.



-  4. Сұрақтарға жауап бер.

- 1. Қандай қауіп-қатер болуы мүмкін? 2. Серуендеу кезінде неге көңіл бөлу керек? 3. Өз қауіпсіздігіңді қалай жоспарлар едің? 4. Неліктен қауіпсіздік жоспары маңызды? 5. Сен өз өміріңе жауаптысың ба? 6. Басқалардың қауіпсіздігіне де жауап бере аласың ба?



I БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

Қазақстанның табиғи аймақтарының бар екенін білдім.
Адамдардың орналасуына табиғи жағдайлардың әсер ететінін білдім.

Табиғи апат кезінде қалай қорғану керек екенін білдім.
Табиғатта өзімнің қауіпсіздігімді қалай жоспарлау керек екенін білдім.

Мен не үйрендім?

Ауа райын бақылап, болжауды үйрендім.
Қолайсыз ауа райында қалай дұрыс әрекет ету керек екенін үйрендім.

Түрлі дереккөздер арқылы табиғи қауіптерді анықтауды және бағалауды үйрендім.

Табиғатта өзімнің және өзгелердің өмірі үшін жауапты болуды үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Неліктен Қазақстанның әр өңірінде ауа райы әртүрлі болады?

Неліктен адамдар өзен бойына, жазық жерге көбірек қоныстанады?

Егер сен шөлде өмір сүрсең, қандай қиындықтар мен мүмкіндіктер болар еді?

Табиғи ортада ең жиі кездесетін қауіп түрі қандай деп ойлайсың? Неліктен? Егер орманда адасып қалсаң, не істер едің?

Біліміңді тексер



QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер.



II БӨЛІМ



ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН



Бұл бөлімнен сен:

отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметін бағалайсың;



отбасыңдағы салт-дәстүр, көмек, бірлік, сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды танысың;

ақшаны тиімді жұмсауды үйренесің; жеке шығынды жоспарлап, не үшін жұмсайтыныңды түсінесің. Қажетті, қажет емес заттарды ажыратасың;



басқалардың пікірін тыңдай білуді және барлығының ойымен санаса отырып, ортақ шешім жасауды үйренесің.





4-сабақ

Отбасы – менің бағалы қазынам

Бүгінгі сабақта:

- отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметін бағалауды үйренесің;
- отбасындағы дәстүр, бірлік, сүйіспеншілік сияқты құндылықтарды танып білесің.

Отбасы, құндылық, сүйіспеншілік, құрмет, көмек, бірлік.



- Отбасы деген не?
- Сен үшін отбасы несімен қымбат?
- Отбасы құндылықтары* дегеніміз не?



Отбасы – әр адамның ең жақын ортасы. Әр адамның өмірі отбасынан басталады. Онда бір-біріне деген сүйіспеншілік, құрмет, көмек, бірлік, салт-дәстүр* сақталады. Отбасының әрбір мүшесінің: әке-ана, аға-әпке, іні-қарындас (сіңлі), ата-әженің орны ерекше (20-сурет).



20-сурет. Отбасы

Отбасы қарым-қатынастары – әрбір отбасында ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын, адамдарды жақындастыратын маңызды адамгершілік қасиеттер мен тәртіптер* жиынтығы. Олар адамның тұлға болып қалыптасуына, дұрыс өмір сүруіне, қоғаммен* жақсы қарым-қатынас орнатуына көмектеседі.

Негізгі отбасылық құндылықтар:

Сүйіспеншілік – бір-бірін шын жүректен жақсы көру.

Құрмет – үлкенге ізет көрсету, кішіге қамқор болу.

Көмек – қиын кезде отбасы мүшелеріне қол ұшын беру.

Бірлік – тату, ынтымақпен өмір сүру.
Сабыр мен түсіну – ұрыс-керістен аулақ болу, кешіре білу.
Салт-дәстүрді сақтау – отбасы мерекелері мен ұлттық құндылықтарды қадірлеу.

Отбасындағы жақсы құндылықтар арқылы біз өмірге, адамдарға, өзімізге деген дұрыс көзқарас қалыптастырамыз. Осындай құндылықтар тәрбиелі, мейірімді, жауапты азамат болуға жол ашады.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі.

- Бұл суретте (21-сурет) қандай құндылықтар бейнеленген?
- Бұл отбасында не маңызды деп ойлайсың?



21-сурет. Отбасылық құндылықтар

В деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



С деңгейі. 3 топқа бөлініп, тапсырмаларды орындаңдар.

- 1-топ. «Сүйіспеншілік пен құрмет» тақырыбында постер жасау.
- 2-топ. Отбасылық дәстүрлер жайлы әңгіме құрастыру.
- 3-топ. Отбасында татулық сақтау жолдары жайлы көрініс көрсету.



2. «Менің отбасылық қазына сандығым» тақырыбында жоба жаса.

Менің отбасылық қазына сандығым

Өз отбасыңды қазына деп елестет. Қағазға немесе сурет дәптеріңе сандықтың суретін сал. Сандықтың ішіне отбасы мүшелерінің «алтын қасиеттерін» жина. Ол үшін әр адамға бір «алтын қасиет» жаз:

- Әкемнің қандай жақсы қасиеті бар?
- Ана не үшін қымбат?
- Аға, әпке, іні, қарындасымның (сіңлімнің) қандай қасиеті бар?



3. Сұрақтарға жауап бер.

- Отбасындағы ең маңызды құндылықтар қандай?
- Отбасы мүшелері бір-біріне көмектесуі керек пе, қалай ойлайсың?
- Отбасындағы сүйіспеншілік пен құрметке өз бетіңше мысал келтір.



5-сабақ

Еңбек – отбасы мен мемлекеттің іргетасы

Бүгінгі сабақта:

- адамның еңбегі өзін, отбасын, елін дамытуға үлес қосатынын түсінесің;
- отбасы мен қоғамның дамуындағы еңбектің рөлін анықтайсың;
- түрлі мамандық иелерінің еңбегін бағалауды үйренесің.

Еңбек, тұлға, отбасы, қоғам, мемлекет, даму, мамандық, пайдалы іс, қызмет.



- Еңбек деген не?
- Сен қандай еңбекпен айналысып көрдің?
- Ата-анаңның еңбегі туралы не білесің?



Еңбек – адамның белгілі бір мақсатқа жетуге, қоғамға пайда әкелуге бағытталған әрекеті. Еңбек адамды өсіреді. Адамдар еңбек етсе, мемлекет те дамиды, мектеп, аурухана, жол салынады. Кішкентай болсаң да, сен де еңбектенесің. Сабақ оқу – еңбек!

Тұлғаның дамуындағы еңбектің рөлі

Әр адам – жеке тұлға! Адам еңбек ете отырып:

- жаңа нәрселерді үйренеді,
- қолынан іс келетін болады,
- өз мақсатына жетеді.

Еңбек адамды шынықтырады (22-сурет).

Отбасының дамуындағы еңбектің рөлі

Отбасындағы әр адам еңбек етеді: ана мен әке жұмыс істейді, отбасын қамтамасыз етеді, үйге қажетті



22-сурет. Еңбек



23-сурет. Бақшадағы еңбек

ақшаны табады. Үй жинап, тамақ дайындайды. Балалар оларға көмектеседі (23-сурет). Еңбек отбасының бақытты өмір сүруіне жол ашады!

Қоғамның дамуындағы еңбектің рөлі

Қоғам – адамдардың тобы: көршілер, достар, ауыл тұрғындары. Біреу дүкенде жұмыс істейді, біреу жол салады, біреу үй салады, біреу адам емдейді (24-сурет). Әр адам өз еңбегімен қоғамға пайда әкеледі. Еңбек қоғамды біріктіреді, жақсартады!



24-сурет. Әр саладағы жұмыс

Мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі

Мемлекет деген – Отанымыз, бүкіл еліміз. Мұғалім балаларды оқытады. Ғалым еңбек етіп, жаңалықтар ашады. Шегарашы елді қорғайды. Әр адамның еңбегі еліміздің дамуына үлес қосады (25-сурет).



25-сурет. Еңбек – елдің дамуына қосылған үлес

Ал енді сенің еңбегіңе тоқталайықшы. Ол болашақта елге пайда әкеледі. Білім алу өте маңызды. Оған сабаққа тыңғылықты дайындалу, үй тапсырмасын орындау, дереккөз-

дер арқылы білімді тереңдету де жатады. Жаңа дағдыларды: тілдерді, технологияларды үйрену арқылы өзінді дамытасың.

Белсенділігіңді арттыр. Мектептегі іс-шараларға (мереке-лер, байқаулар) қатыс. Құрбыларыңмен ынтымақтасып, топтық жұмыстарға үлес қос. Волонтерлік, қайырымдылық шараларда белсенді бол. Ғылыми жобалар дайындауға атсалыс.

Шығармашылықпен айналысу да еңбек. Бұған эссе, өлең, шығарма жазу, сурет салу, музыкамен айналысу, өнер көрсету жатады.

Уақытыңды дұрыс жоспарлап, тәртіпті сақта. Жауапкершілікпен әрекет ету жақсы нәтижеге жеткізеді. Мақсат қою және оған жету жолдарын үйрен. Бұның бәрі болашақта табысты болуыңа жол ашады.



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. 3 топқа бөлініп, тапсырмаларды орындандар.



1-топ: Отбасындағы еңбек туралы көрініс көрсету.

2-топ: «Еңбек ету – даму» тақырыбында постер құрас-тыру.

3-топ: «Қоғам үшін маңызды мамандықтар» тақыры-бында сурет салу және оған түсініктеме беру.



3. «Оқушының еңбегі – жарқын болашаққа апарар жол» тақы-рыбында өз еңбегің туралы жаз.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Еңбек не үшін қажет? Қоғамның еңбексіз дамуы мүм-кін бе?
- Еңбек ететін адамдарға қалай құрмет көрсетуге болады?
- Еңбек неліктен маңызды?
- Әр мамандыққа не үшін құрметпен қарау керек?



6-сабақ

Ақылды бала ақшасын жоспарлай біледі

Бүгінгі сабақта:

- қалтаңдағы ақшаны тиімді жұмсауды үйренесің;
- жеке шығынды жоспарлап, не үшін жұмсайтыныңды түсінесің. Қажетті, қажет емес заттарды ажыратасың.

Шығын, табыс, ақша, жоспарлау, қажетті, қажет емес зат, ақшаны үнемдеу, қаржылық сауаттылық.



- Саған ата-анаң ақша бере ме?
- Сен ол ақшаны неге жұмсайсың?
- Ақша жетпей қалса, не істейсің?



Ақша дегеніміз – қажетті заттарды сатып алу құралы. Ата-анаң берген ақшаны ақылмен жұмсай біл.

Сатып алатын заттарды **қажетті заттар** және **қажетсіз заттар** деп екіге бөлуге болады. 1) Қажетті заттар – өмірге, оқуға немесе денсаулыққа керек заттар. Мысалы, тамақ, оқу құралдары, жолақы т.б. 2) Қажетсіз заттар – өмірлік аса қажеттігі жоқ заттар. Мысалы, төттілер, қымбат ойыншықтар, артық әшекейлер. Ақшаны жұмсамас бұрын «алынатын зат қажетті ме әлде қажетсіз бе?» деп ойланған жөн.

Қаржылық сауаттылықты меңгер. Бізге келетін ақшаны **табыс**, ал жұмсалатын ақшаны **шығын** дейміз. Шығындарыңды үнемі бақылауда ұста.

Әр теңгеге мән беріп, әр шығынды бақыласаң, ақшаң үнемделеді. Үнемдеу – сараңдық емес, саналы өмір сүрудің тәсілі. Ақшаны тиімді жұмсау үшін, алдымен қажетті заттарға қаржы бөлу керек. Қалғанын жинауға болады.

Қаражат жинап үйрену үшін түрлі тәсілдерді қолдан. Мысалы, «Армандар банкі». Ол үшін өз армандарыңды (мысалы, велосипед т.б.) қағазға жаз. Ата-анаңмен оған жету үшін қанша ақша жинау керектігін есепте. Бұл саған үнемдеуді үйретеді.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



В деңгейі.

- Бір күнде ақшаны неге жұмсайтыныңды ойла. 7-кесте бойынша күнделікті есеп жүргіз.

7-кесте. Менің бір күндік шығыным

Не үшін жұмсадым?	Қанша теңге?	Неге керек болды?

- Бұл шығын қажет болды ма? Оны не үшін таңдадың?

С деңгейі.

- Топтарға бөлініп, ақша үнемдеу жолдарын ұсыныңдар.

Мысалы, артық тәтті алмау, қажет емес ойыншыққа ақша жұмсамау, заттардың бағасын салыстыру.



Сен білесің бе?

Қазақстанның ұлттық ақшасы – теңге. Ол 1993 жылдың 15 қарашасында айналымға енгізілді. «Теңге» атауы түркінің «денге» сөзінен шыққан. Бұрында күміс ақша осылай аталған екен.



2. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Ақшанды қалай дұрыс жұмсауға болады?
- Қажетсіз шығыннан қалай сақтануға болады?
- Ақша үнемдесең, неге қол жеткізе аласың?



7-сабақ

Әдептілік пен достық – өмірдің айнасы

Бүгінгі сабақта:

- қоғамда өзін-өзі ұстау ережелері мен әдеп нормаларын білесің;
- достықтың маңызын түсінесің және өмірден мысал келтіре аласың;
- құрдастарыңмен ынтымақтастықта жұмыс істеуді үйренесің.

Әдеп, қоғам, мәдениет, сыпайылық, әдепті болу, рұқсат сұрау, көмектесу.



- Қоғамдағы әдеп* нормалары дегеніміз не?
- Достық дегеніміз не?
- Неліктен достық маңызды?



Әдептілік – адамдармен сыпайы, жақсы қарым-қатынас жасау. Әдепті адам әрқашан сәлемдеседі, үлкендерді құрметтейді. Ол кішіге қамқор болады, кезекте тұрғанда итермейді. Ешкімді ренжітпейді. Ол басқалармен тату болады, ақылдасып, бірге әрекет етеді. Мұндай адам өзгелерді тыңдай біледі. Көмектесуге дайын тұрады және ұрыс-керіске жол бермейді. Әдепті болу – өзіңді ғана емес, басқаларды да ойлау.

Достық – адамдардың бір-біріне сенуі, көмектесуі және әрдайым жанында болуы (26-сурет). Дос болу – адал, мейірімді болу. Нағыз дос қиын кезде жаныңнан табылып, қуанышыңды бірге бөліседі.

Әдепті болсақ, адамдар бізді сыйлайды. Досымыз көп болса, өміріміз қызықты болады.



26-сурет. Достық

Әдепті болу, достықты сақтау – әр адамның міндеті.

Бұл қасиеттер неліктен маңызды? Өйткені әдептілік айналамызды мейірімді, әділетті етеді (27-сурет). Бірлік пен түсіністік болса, достар арасында да әрдайым татулық болады.



27-сурет. Үлкенге орын беру



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



В деңгейі. Суреттердегі дұрыс, бұрыс әрекеттерді (28-сурет) анықта. Өз ойыңды айт.



28-сурет. Өртүрлі әрекеттер

С деңгейі. «Жағдаятты ойна». (Рөлдік ойын). Жүппен төмендегі жағдаяттарды сахналаңдар.

- Досың ренжіп қалды, сен не істейсің?

- Бір оқушыны бәрі мазақтап жатыр. Сен не істейсің?
- Сыныпқа жаңа оқушы келді. Оған қалай көмектесесің?
- Егер кезекте біреу сені итеріп кетсе, сен не істейсің?
- Біреу сенімен ұрсысып қалды. Қалай татуласар едің?



Сен білесің бе?

Ғалымдардың айтуынша, адамға өзін шынайы бақытты сезіну үшін кем дегенде 2–3 жақын дос керек екен. Өйткені сенімді достар адамның көңіл күйін жақсартып, қиындықтарды жеңіл еңсеруге көмектеседі!



2. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер. Өз пікіріңді дәлелде.

Мақсат пен Мерей көрші тұрады әрі бір сыныпта оқиды. Бірде Мақсат ауруханаға түсіп қалды. Мерей ауруханаға Мақсаттың көңілін сұрап жиі барып, өтілген жаңа сабақтарды түсіндіріп жүрді. Мақсат ауруханадан жазылып шығып, барлық сабақтан үлгеріп кетті.

- Мерейдің әрекетін қалай бағалайсың? Неліктен?
- Мерейдің көмегі Мақсатқа қалай әсер етті деп ойлайсың?
- Бұл оқиғадан қандай қорытынды жасауға болады?



3. Сұрақтарға жауап беріңдер.

- Әдептілік деген не? Әдепті адам қандай болады?
- Нағыз дос қандай болуы керек?
- Сенің ең жақын досың кім? Ол саған не үшін жақын?
- Әдепті болу не үшін маңызды?
- Сыныпта бәрімен дос болу мүмкін бе? Неге?
- Досың сенімен сөйлеспей қойса, не істер едің?



8-сабақ

Сынып ережесі – тәртіп пен татулық кепілі

Бүгінгі сабақта:

- «өзін-өзі басқару» деген ұғымды түсінесің;
- өз сыныбыңда өзін-өзі басқару ережелерін ұсынасың;
- түрлі көзқарастар болғанда, қалай ортақ шешімге келуге болатынын үйренесің.

Өзін-өзі басқару, сынып ережесі, көшбасшы, ұсыныс, келісім, шешім қабылдау, жауапкершілік, құрмет.



- Сыныптағы өзін-өзі басқару деген не?
- Түрлі көзқарас болғанда не істеу керек?

Сынып – бірге оқитын оқушылар мен мұғалімнің отбасы сияқты шағын қоғам (29-сурет). Мұнда біз бір-бірімізбен күнде кездесеміз, бірге оқимыз, ойнаймыз, үйренеміз.



29-сурет. Сыныпта

Өзін-өзі басқару дегеніміз – сыныпта қабылданған ережелер жүйесі. Ол оқушылардың өзара тәртіпті сақтауына, міндеттерді бөлісуіне, әділдікке қол жеткізуіне көмектеседі (30-сурет). Бұл – мектепте және сыныпта тәртіпті, ұйымшыл болуға қажетті келісімдер мен тәртіптер.



30-сурет. Міндеттерді бөлісу

Бұл ережелерді мұғалім ғана емес, оқушылар өздері де ойлап тауып, келісіп қабылдай алады. Әр оқушы ережені сақтауға міндетті.

Сынып ережелері қандай құндылықтарға сүйенеді?

Сыйластық. Бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлау. Мұғалімге, достарға, құрмет көрсету.

Достық. Бір-біріне көмектесу, бірге ойнау, бір-біріне сену.

Әділдік. Қарапайым ережелерді сақтау, кезекке тұру, адал, әділ болу.

Жауапкершілік. Тапсырмаларды орындау, сабаққа дайын келу.

Көмектесу. Қиындыққа ұшыраған досқа қол ұшын беру.

Теңдік. Барлық сыныптастар бірдей маңызды, ешкімді кемсітуге болмайды.

Шығармашылық пен ынтымақ. Бірлесіп жобалар жасау, ойындарға қатысу, идеялармен бөлісу.

Тазалық пен тәртіп. Сыныпты таза ұстау, заттарды орнына қою.



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.





2. QR-ды ашып, мазмұнымен таныс. Мұнда қандай ережелер туралы айтылды?



3. Топта сыныптағы негізгі құндылықтарға сүйеніп, сынып ережелерін құрастырыңдар.



4. Сұрақтарға жауап бере отырып, жағдаятты шеш.

Сыныпта келесі жұма күні «Көңілді күн» өткізу жоспарланып жатыр. Бірақ оқушылар түрлі ұсыныс айтты:

- Айгүл: «Би жарысын ұйымдастырайық!» – деді.
- Ерсін: «Жоқ, сурет байқауын жасағанымыз дұрыс!» – деді.
- Диас: «Одан да футбол жарысы болсын!» – деді.
- Алина: «Меніңше, ойын-кеш өткізген қызығырақ!» – деді.

Бәрінің ойы әртүрлі, ешкім басқаның пікірін тыңдағысы келмейді. Сынып ішінде дау шығып кетті.

- Осындай жағдайда не істеуге болады?
- Барлық оқушының пікірін ескеретіндей шешім қабылдауға бола ма? Қалай?
- Сен бұл жағдайда қандай ұсыныс жасар едің?
- Егер сенің ұсынысың қабылданбаса, өзіңді қалай ұстар едің?
- Егер сен сынып көшбасшысы болсаң, қандай шешім қабылдар едің? Неліктен?



5. Сұрақтарға жауап бер.

- Өзіміз жасаған сынып ережелерін сақтау не үшін маңызды?
- Қандай жағдайда бір-бірімізді тыңдау қиын болады?
- Ортақ шешімге келу үшін не істеу керек?



II БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» бөлімінен мен өз отбасымдағы қасиетті, маңызды нәрселерді түсіндім.

Мен еңбектің адамдар өміріндегі маңызын түсіндім.

Артық шығынды қалай азайтуға болатынын білдім.

Қоғамда, яғни көпшілік жерде әдепті, сыпайы болу, тәртіп сақтау керек екенін білдім.

Сыныпта бәрімізге ортақ ереже болуы керек екенін түсіндім.

Мен не үйрендім?

Ақшаны қалай жұмсау керектігін, не үшін жұмсайтынды жоспарлауды үйрендім.

Достықтың маңызы туралы өз өмірімнен мысал келтіріп айта аламын.

Еңбектің мәнін түсініп, жауапкершілікпен қарауды үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Сенің ойыңша, ең маңызды мамандық қандай? Неліктен?

Балалар еңбегі мен ересектер еңбегінің айырмашылығы неде?

Өзін-өзі басқару сынып өмірін қалай өзгертеді деп ойлайсың?

Ереже бұзған адаммен қалай сөйлескен дұрыс?

Біліміңді тексер



QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер.



III БӨЛІМ

УАҚЫТ



► Бұл бөлімнен сен:

– отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастар туралы түсінік аласың;



– өз әулетіңнің (отбасыңның) шежіресін, яғни ата-бабаларың туралы мәліметтерді жинап, реттеп, туыстық ағаш сызбасын жасай аласың;



– әртүрлі спорт түрлерін (жеке, командалық, жазғы, қысқы, т.б.) топтастырып, қай спорт түрі саған лайық екенін және оған қандай қабілеттер мен жаттығулар керек екенін білесің;



– сен қазақ халқының көшпелі өмір салты мен отырықшы (қалада не елді мекенде тұру) өмір салтының айырмашылықтарын, артықшылықтарын және тарихтағы рөлін меңгересің;



– тарихи және мәдени ескерткіштердің (мысалы, кесенелер, ескі қалалар, мүсіндер) тарих үшін маңызын, оларды сақтау неге қажет екенін түсінесің;



– Конституцияның елдегі басты заң екенін, оның азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қалай қорғайтынын білесің.





9-сабақ

Менің отбасым және шежірем

Бүгінгі сабақта:

- отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсінесің;
- өз әулетіңнің шежіресін, яғни ата-бабаларың туралы мәліметтерді жинап, реттеп, туыстық ағаш сызбасын жасай аласың.

Отбасы, шежіре, туыстық қатынас, жеті ата, құндылық, құрмет.



- Туыстық қатынас деген не?
- Шежіре деген не? Жеті атаның білу маңызды ма?

Отбасында ата-ана, аға-іні, әпке-сіңлі (қарындас) сияқты туыстар бірге өмір сүреді. Олар бір-бірімен **туыстық қатынаста** болады (31-сурет).

Туыстық қатынас дегеніміз – бір әулетке, бір отбасына жататын адамдар арасындағы жақындық (1-сызба).


Шежіре – отбасы мен әулеттің шығу тегі туралы мәлімет.

Ол туыстардың тізімі мен байланысын көрсетеді. Шежірені құрастыру арқылы ата-бабаларымызды танимыз; тарихымызды құрметтейміз. Туыстарымызбен жақын боламыз.



31-сурет. Отбасы

1-сызба. Туыстық қатынас



Түсіндірме: Ата мен әже – әкеңнің ата-анасы.

Әке мен ана – тікелей ата-анаң.

Аға, әпке, іні, сіңлі – өзіңмен бірге туған бауырларың.

Нағашы ата/әже – анаңның ата-анасы.

Көке, апа, нағашы аға/апа – әкең мен анаңның бауырлары.

Қазақ халқы әр адамның өз тегін білуіне ерекше мән берген. **Жеті атаны** білу (8-кесте) – халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрі. Бұл:

- туыстарды тануға;
- отбасы мен тектің тарихын білуге;
- үлкенге құрмет көрсетуге;
- ұлттық салт-дәстүрді сақтауға көмектеседі.

8-кесте. Жеті ата

Реті	Атауы	Мысалы
1	Әкем	Марат
2	Атам	Ербол
3	Арғы атам	Сақтаған
4	Бабам	Төлеу
5	Тек атам	Сәду
6	Түп атам	Байсал
7	Тұқиян	Қайран

Еліміздің басты заңы – Конституцияға* сәйкес отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында.



1. Төменде бір баланың отбасы мүшелері туралы мәлімет берілген. Ақпарат және сурет бойынша (32-сурет) туыстық байланыстарды анықта.

Айдананың отбасы үлкен. Оның әкесі – Нұрлан, анасы – Айгүл. Әкесі жағынан атасы – Сейілхан, әжесі – Күләш. Анасы жағынан нағашы атасы – Төлеген, нағашы әжесі – Шолпан. Айдананың Аяжан деген әпкесі мен Бекжан деген

інісі бар. Сондай-ақ Айдананың анасының інісі бар, оның аты – Мұрат.



32-сурет. Айдананың отбасы



2. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



3. Сұрақтарға жауап бер.



- Неліктен әр адам мүмкіндігінше өз ата-тегін білуі керек деп ойлайсың?
- Егер сенің отбасыңда бір адам басқа елде тұрса, ол әлі де туыс бола ма? Неге?
- Шежірені құрастыру арқылы қандай ұлттық құндылықтарды үйренуге болады?
- Егер сен өз шежірендегі бір ата-бабаң туралы білмесең, ол мәліметті қайдан іздер едің?
- Сенің ойыңша, мемлекет балаларға қандай қамқорлық жасайды?



10-сабақ

Спорт түрлері және менің қабілетім

Бүгінгі сабақта:

- спорт түрлерін топтастырасың;
- қай спорт түрі саған лайық екенін және оған қандай қабілеттер мен жаттығулар керек екенін білесің.

Спорт, жаттығу, денешынықтыру, қабілет, жылдамдық, күш, төзімділік, ептілік, командалық спорт, жеке спорт.



- Спорттың қандай түрлері бар?
- Сенің қандай спорт түрімен айналысқың келеді?



Спорт – денсаулық кепілі. Спорт – адамның денсаулығын нығайтатын, денесін шынықтыратын, тәртіп пен ерік-жігерді дамытатын пайдалы әрекет.

Спорт түрлерін топтастыру (33-сурет).

Жеке спорт түрлері: жүзу, күрес, бокс, жеңіл атлетика, шахмат т.б.	
Командалық спорт түрлері: футбол, волейбол, баскетбол т.б.	
Қысқы спорт: шаңғы, коньки, хоккей, бобслей (арнайы шанамен сырғанау) т.б.	
Жазғы спорт: велоспорт, жеңіл атлетика, жүзу т.б.	

33-сурет. Спорт түрлері

Спортқа қажетті қабілеттер мен дағдылар. Әр бала өз қызығушылығына және қабілетіне қарай спорт түрін таңдай алады. Спортпен шұғылдану тек денсаулық үшін керек емес, сонымен қатар ол тәртіпке, табандылыққа, мақсатқа жетуге үйретеді. Бұл қабілеттер спортшының жетістігіне тікелей әсер етеді. Мысалы, көкпарда атқа міну шеберлігі мен командалық рух маңызды болса, шахматта логикалық, стратегиялық ойлау шешуші рөл атқарады. 9-кестеден спорт түріне қажетті қабілеттер мен дағдылармен таныс.

9-кесте. Спорт түріне қажетті қабілеттер мен дағдылар

Спорт түрі	Қажетті қабілеттер мен дағдылар
Волейбол	Командалық рух, жылдамдық, икемділік
Тоғызқұмалақ	Логикалық ойлау, стратегиялық жоспарлау
Жеңіл атлетика	Жылдамдық, төзімділік, үйлесімділік, күш
Футбол	Командалық жұмыс, ептілік, стратегиялық ойлау, төзімділік
Баскетбол	Қол-аяқ үйлесімділігі, секіру қабілеті, дәлдік, реакция
Қазақ күресі	Физикалық күш, тактика, тепе-теңдік, төзімділік
Жамбы ату	Мергендік, ат үстінде тепе-теңдік сақтау, дәлдік
Бокс	Жылдамдық, күш, тактика, реакция, төзімділік



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. «Суретті сөйлетейік!». 34-суретке қарап, спорт түрлерін анықта. Олардың денсаулыққа қандай пайдасы бар екенін айт.



34-сурет. Спорт түрлері

В деңгейі. «Жұмбақ жасыр» ойыны. Сипаттама арқылы спорт түрін тап. Өзің осындай жұмбақ ойлап тауып, жасыр.

Мысал жұмбақтар

Атқа мініп шабамын. Нысананы көздеймін. Дәлдік өте маңызды. Бұл қай спорт?

Доппен ойнап жарысамын. Қарсыласқа шабуылдаймын. Қақпаға доп соғамын. Бұл қай спорт?

С деңгейі. Жұптасып, сұрақ қою арқылы бір-біріңнің қабілеттеріңді анықтаңдар. Сұрақтарға «Иә» немесе «Жоқ» деген жауап алыңдар.

1. Сен жылдам жүгіресің бе? 2. Сен суда жақсы жүзесің бе? 3. Сен биікке секіруден қорықпайсың ба? 4. Сен топпен ойнауды ұнатасың ба? 5. Сен ұзақ жаттығудан шаршамайсың ба?

Қорытынды: 3 немесе одан да көп «Иә» деген жауап шықса, спортқа бейімділік бар болғаны.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- Командалық спортта қандай қабілеттер қажет?
- Сен қандай спорт түрін таңдар едің? Неліктен?
- Адамға спортпен айналысу не үшін қажет деп ойлайсың?



11-сабақ

Көшпелі және отырықшы өмір салты

Бүгінгі сабақта:

- көшпелі өмір салты мен отырықшы (қалада не елді мекенде тұру) өмір салтының айырмашылықтарын, артықшылықтарын және тарихтағы рөлін меңгересің.

Көшпелі, малшаруашылығы, киіз үй, отырықшы, егіншілік, сауда, қала, ауыл.



- Көшпелі өмір салты мен отырықшы өмір салтының айырмашылығы неде?



Көшпелі өмір салты

Көшпелі өмір салты – адамдардың жыл мезгілдеріне байланысты бір жерден екінші жерге көшіп жүруі.

Көшпелі халықтар малшаруашылығымен айналысқан;

- киіз үйде* тұрған;
- жер ауыстырып, табиғатқа жақын өмір сүрген;
- арба, түйе, ат көлік ретінде пайдаланылған (*35-сурет*).



35-сурет. Көшпелі өмір

Отырықшы өмір салты

- Адамдар қала (*36-сурет*), ауылдарға тұрақтап қоныстанған;
- егіншілікпен, саудамен айналысқан;
- үйлер кірпіштен немесе ағаштан салынған;

- жол, мектеп, базар, дүкен сияқты тұрақты нысандар болған.



36-сурет. Қала

Көшпелі және отырықшы өмір салты – адамзаттың тарихи дамуының түрлері. Екеуі де қазақ халқының тарихында маңызды орын алады. Ата-бабамыз бұрын көшпелі өмір салтын ұстанған. Табиғатпен тығыз байланыста болды, мал бақты. Бүгінде біз – отырықшы халықпыз. Халық бір жерде тұрып, қала немесе ауылда жұмыс істейді. Дегенмен бабаларымыздың көшпелі мәдениетін* құрметтеу – парызымыз.



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. «Егер мен көшпелі халықтың өкілі болсам...» немесе «Егер мен отырықшы халықтың өкілі болсам...» деген сөйлемнің бірін таңдап, кемінде 4–5 сөйлеммен жауап айт.

Нұсқа жауап үлгісі: *Егер мен көшпелі халықтың өкілі болсам, мен киіз үйде тұрар едім...*



3. Сұрақтарға жауап бер.

- Қай өмір салты сені көбірек қызықтырды? Неге?
- «Қазір біз отырықшы өмір салтын ұстанамыз» деген ойды дәлелде.
- Көшпелі өмір салты халқымыз үшін неге маңызды болды?



12-сабақ

Тарихты танып, ескерткішті құрметтейік

Бүгінгі сабақта:

- сен тарих пен мәдениет ескерткіштерін құрметтеу, қорғау керектігін және олардың келешек ұрпаққа қалатын мұра екенін түсінесің.

Тарих, мәдениет, ескерткіш, музей, тарихи орындар, көне қала, петроглифтер.



- Ескерткіш* дегеніміз не?
- Оларды неліктен сақтау керек?



Тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңызды. **Ескерткіш** – өткен замандардан сақталған тарихи немесе мәдени орын, мүсін, ғимарат немесе зат. Олар біздің ата-бабаларымыздың ерлігі, еңбегі мен өнері туралы мәлімет береді.

Тарихи және мәдени ескерткіштерге нелер жатады?

- Белгілі тұлғаларға арналған мүсіндер;
- көне мешіттер мен қалалар, ескі қорғандар;
- музейлердегі тарихи бұйымдар;
- ән-күй*, қолөнер*, ұлттық киім – бұлар да мәдени мұра.

Оларды неліктен сақтау керек?

- Ескерткіштер арқылы біз өз тарихымызды білеміз.
- Олар бізге елімізді, жерімізді сүюді үйретеді.
- Егер біз оларды сақтасақ, болашақ ұрпақ та көре алады.
- Бұл – ата-бабамызға деген құрмет.

Ежелгі қалалар мен тарихи ескерткіштер – ата-баба өмірі мен өнерінен сыр шертетін асыл мұралар.

Ежелгі қалалар. 1. Отырар – орта ғасырдағы, Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі ғылым, мәдениет орталығы. Әл-Фараби осы қалада туған. Қаланы Шыңғыс хан әскері қиратқан.

2. Сауран – биік қорғандары және сумен қамтамасыз ету жүйесімен ерекшеленген көне қала.

3. **Сығанақ, Баласағұн** – түркі халықтарының саяси және мәдени орталықтары болған.
4. **Тараз** – Жамбыл облысында орналасқан көне қала. Оның 2000 жылдан астам тарихы бар, ежелгі сауда, өнер, білім ордасы. Ол – Қазақстан мен Орталық Азияның маңызды тарихи орындарының бірі.

Тарихи ескерткіштер

Түркістан – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан өте көне қала. Түркістанда ұлы ойшыл әрі ғалым **Қожа Ахмет Ясауи кесенесі** бар. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – әлемдегі ең әдемі және үлкен кесенелердің бірі (37-сурет).

Арыстан баб кесенесі – Түркістан қаласының маңында орналасқан көне және маңызды тарихи орын (38-сурет). Бұл кесене Ахмет Ясауидің ұстазы Арыстан бабқа арналып салынған.




37-сурет. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



38-сурет. Арыстан баб кесенесі

Айша бибі кесенесі – әдемі, тарихи маңызды ескерткіш. Тараз қаласының маңында орналасқан. Бұл – орта ғасырдағы сәулет өнерінің үлгісі. Еліміздің ең танымал тарихи ескерткіштерінің бірі. Ол Айша бибі атты сұлу қызға арнап салынған (39-сурет).

Алматы облысындағы **Таңбалы таста** көне петроглифтер* (тасқа қашалған сурет-




39-сурет. Айша бибі кесенесі

тер) бар (40-сурет). Олар ата-баба тұрмысын, мәдениетін көрсетеді.

Ақыртас қамалы – Тараз маңындағы ежелгі қамал орны.

Бекет ата жерасты мешіті – сәулет өнерінің ерекше үлгісі.

Ежелгі қалалар, ескерткіштердің мәдени мұра ретінде маңызы зор. Олар туризм мен білімді дамытуға үлес қосады. Халқымыздың өркениетті ел болғанын дәлелдейді. Бұл – маңызды рухани байлық. Оларды сақтау – әр азаматтың міндеті.



40-сурет. Таңбалы тастағы көне петроглифтер



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. Неліктен ескерткіштерді халқымыздың рухани байлығы дейді?



3. Сұрақтарға жауап бере отырып, «Тарих пен мәдениет ескерткіштерін құрметтейік» тақырыбында жоба қорға.

1. Ескерткіш дегеніміз не?
2. Өз аймағымдағы маған ұнайтын тарихи ескерткіш.
3. Оны не үшін сақтау керек?
4. Қорытынды.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Қазақстандағы қандай тарихи орындарды білесің?
- Ежелгі қалалар не үшін маңызды?
- Болашақ ұрпақ үшін ескерткіштердің қандай маңызы бар?





13-сабақ

Конституция – еліміздің басты заңы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы – ел тыныштығы мен әділдіктің көпірі екенін білесің.

Конституция, негізгі заң, құқық, міндет, тәртіп, азамат, заңды сақтау.



- Конституция (Ата заң) дегеніміз не?
- Конституцияда не жазылған?



Әр үйдің өз тәртібі болады. Мектептің де өз ережесі бар. Ал бүкіл елімізге ортақ ең басты ереже – Конституция (Ата заң). Ол адамдардың құқығын қорғайды және әркімнің міндетін айқындайды.

«Ата заң» дегеніміз – елдің ең басты және негізгі заңы. Оның ресми атауы – **Конституция (41-сурет). Конституция – Қазақстан Республикасының басты заңы.** Ол еліміздегі барлық адамға ортақ. Конституция әр адамның құқығын қорғайды, әділдік пен тәртіптің сақталуына көмектеседі. Сондықтан біз Конституцияны құрметтеп, оның талаптарын орындауымыз керек. Мұнда адамдарға қатысты ережелер жазылған. Бұл ережелерді үлкендер де, балалар да сақтауға міндетті. Мысалы: әр баланың білім алуға, демалуға және қауіпсіз өмір сүруге құқығы бар. Сонымен бірге Конституция бойынша сендерге үлкендерді құрметтеу, табиғатты қорғау, заңды сақтау да міндет.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Ал екіншісі 1995 жылғы 30 тамызда қабылданды.



41-сурет. Қазақстан Республикасының Конституциясы

Уақыт талабына сай Конституция жетілдіріліп отырады. Бұл еліміздің дамуына және әр адамның құқығын қорғауға ықпал етеді.

2026 жылғы 15 наурызда Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданып, 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді.

Конституция болмаса, мемлекетте тәртіп болмайды, адамдардың құқықтары қорғалмайды.

Адамдардың әртүрлі құқығы болады. Ең маңызды құқық түрлері:

1. **Өмір сүру құқығы.** Әр адам өмір сүруге құқылы.
2. **Білім алу құқығы.** Барлық балалар мектепке барып, білім алуға құқылы.
3. **Пікір айту құқығы.** Адамдар өз ойларын ашық айтуға құқылы.
4. **Еңбек ету құқығы.** Адамдар өздері қалаған жұмысты істеуге құқылы.
5. **Демалу құқығы.** Адамдар демалып, ойын-сауықпен айналысуға құқылы.
6. **Қауіпсіздік құқығы.** Адамдар өздерін қауіпсіз сезініп, өмір сүруге құқылы.
7. **Теңдік құқығы.** Барлық адамдар бірдей құқықтарға ие, ұлтына, дініне қарамастан тең.

Ата заң – бізді және елімізді қорғайтын заң. Сондықтан елімізде «Заң мен тәртіп» қағидатына ерекше көңіл бөлінеді. Ол біздің құқықтарымызды бұзуға жол бермейді. Мысалы, сен мектепке барып, білім аласың, кітап оқисың, достарыңмен ойнайсың. Себебі сенің білім алуға, демалуға және қауіпсіз өмір сүруге құқығың бар. Егер құқықтарың бұзылса, ересектердің көмегіне сүйене аласың. Ата заңның арқасында әділеттілік сақталады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы біздің елдің жүрегі сияқты. Ол заң мен тәртіптің сақталуына, адамдардың құқығының қорғалуына және әділ қоғамның

болуына көмектеседі. Мемлекетіміздің тыныштығын сақтайды.

Конституцияны білу және құрметтеу – әрбір адал азаматтың міндеті.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. QR-ды ашып, Қазақстан Республикасының Конституциясы туралы біл.



В деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында. Жұпта бұл құқықтар туралы хабарлама дайындаңдар.



С деңгейі. Тапсырмаларды орында.

- Неліктен Конституция адамдардың құқықтарын қорғайды деп ойлайсың? Жауабыңды жаз.
- Егер Конституция болмаса, адамдардың құқықтары қалай өзгеруі мүмкін? Ойыңды түсіндір.



2. Тапсырмаларды орында.

- Барлық адамдардың тең құқыққа ие болуы неге маңызды? Мысал келтіріп түсіндір.
- Сен Конституцияны құрметтеу арқылы қандай жақсы істер жасай аласың? Ойыңмен бөліс.



3. Сұрақтарға жауап бер.

- Конституция дегеніміз не?
- Конституцияда адамның қандай негізгі құқықтары жазылған?
- Ата заң бізге не үшін керек?
- Сенің ойыңды айтуға құқығың бар ма?



III БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

«Уақыт» бөлімінен мен өз отбасымдағы әр адамның кім екенін, олармен қандай туыстық байланыс бар екенін білдім.

Өзіме ұнайтын спорт түрін таңдап, оған қандай дайындық қажет екенін білдім.

Көшпелі және отырықшы өмір салтына байланысты тіршілік, үй мен кәсіптің өзгеше болатынын түсіндім.

Ескерткіштер біздің ата-бабаларымыздан қалған қасиетті мұра екенін білдім. Оларды қорғау тарихымызды, мәдениетімізді сақтау екенін түсіндім.

Конституция – еліміздің ең маңызды заңы екенін білдім.

Мен не үйрендім?

Өзімнің жеті атамды, ата-бабамды тануды және шежіре құрастыруды үйрендім.

Спортқа қызығушылықты дамыту мен мақсатқа жету жолдарын үйрендім.

Әр азаматтың құқығы мен міндеті бар екенін, заңға бағыну керек екенін үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Қалай ойлайсың, неліктен спорт тек денсаулықты шынықтырып қана қоймай, мінез де қалыптастырады дейді?

Неліктен барлық адамдардың құқығы тең болуы керек?

Біліміңді тексер



QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер.



IV БӨЛІМ



СӘУЛЕТ ӨНЕРІ



Бұл бөлімнен сен:

елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажыратуды (тип, көлемі, қызметі);



қала мен ауылдың байланысын зерттеуді, мысалдар келтіруді;

Қазақстанның тартымды туристік нысандарын білесің; саяхаттың рухани тәрбиелік мәнін сезінесің;



масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құруды;

астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтауды меңгересің.





14-сабақ

Ауыл – елдің жүрегі, қала – елдің келбеті

Бүгінгі сабақта:

- елді мекендерді түрлі белгілері бойынша ажыратуды (тип, көлемі, қызметі) және қала мен ауылдың байланысын зерттеуді үйренесің, мысалдар келтіресің.

Ауыл, қала, сүт, ет, бидай, жеміс-жидек, көгөніс, зауыт, фабрика, метро.



- Елді мекен деген не? Ауыл мен қаланың қандай айырмашылығы бар?



Елді мекен – адамдар тұратын жер (мысалы: ауыл, қала).
Елді мекендерді қалай ажыратуға болады? (10-кесте)

10-кесте. Қала мен ауыл ерекшеліктері

Көлемі мен адам санына қарай		
Ауыл кішкентай болады, адамдар саны аз, үйлер сирек орналасқан.		Қала үлкен болады, адам көп, көпқабатты үйлер бар.
Қандай жұмыс істейтіндеріне қарай		
Ауыл – адамдар көбіне мал, егін-шаруашылығымен айналысады.		Қала – адамдар зауыттарда*, кеңседе жұмыс істейді.
Орналасқан жеріне қарай		
Тауға жақын маңдағы (мысалы: Текелі қаласы, Шалкөде ауылы (Алматы облысы).	Өзен, көл жанында – су көзінің маңында (мысалы: Арал қаласы, Көктұма ауылы (Жетісу облысы).	Жазық далада орналасқан (Қостанай қаласы, Шағалалы ауылы (Ақмола облысы)

1. Ауыл қаланы асырайды:
 - ауылдан қалаға сүт, ет, бидай, жеміс-жидек, көгөніс сияқты өте қажетті өнімдер жіберіледі.
 2. Қала ауылға көмектеседі:
 - қалада зауыт, фабрика, аурухана, мектеп, дүкен көп. Қаладан ауылға киім, дәрі, техника жеткізіледі.
 3. Адамдар ауыл мен қала арасында қатынайды:
 - ауылдағы адамдар қалаға барып жұмыс істейді, оқиды.
 - қаладағы адамдар ауылға қонаққа, демалуға барады.
- Қала мен ауыл бір-біріне керек. Олар бір-біріне көмектесіп, байланыста өмір сүреді.



Сен білесің бе?

Қазақстандағы ең үлкен қала — Алматы, мұнда 2 миллионнан астам адам тұрады. Ал ауылда кейде тек 100 адамдай ғана тұруы мүмкін! Мысалы, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Ноғайты ауылында 82 адам тұрады.

11-кесте арқылы қала мен ауылдың негізгі белгілерімен таныс.

11-кесте. Қала мен ауыл белгілері

Белгісі	Қала	Ауыл
Ғимараттар	Көпқабатты үйлер, кеңсе, дүкендер	Бір-екі қабатты үйлер, қора-жай
Адам саны	Көп адам	Аз адам
Кәсіп түрі	Зауыт, кеңсе, қызмет көрсету саласы	Малшаруашылығы, егін егу
Көлік түрі	Автобус, метро*, жеңіл көлік	Ат-арба, трактор, жеңіл көлік, комбайн, жүк көлігі
Дыбыс, шу	Көбірек	Тыныш



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

- **А деңгейі.** Жұптасып, диалог құрастырыңдар.

Егер ауыл мен қала баласы дос болса, олар не туралы сөйлесер еді?
Қайсысы өзінің тұратын мекенін көбірек мақтайды?

- **В деңгейі.** Ойлан, болжа.

Ауылда ғаламтор болмаса, балалар қалай уақыт өткізеді деп ойлайсың?

- **С деңгейі.** QR-ды ашып, ауыл және қала өмірімен таныс. Сен өз ауылыңа (қалаңа) қандай өзгерістер енгізер едің? Сипаттап жаз немесе суретін сал.



2. Төмендегі сұрақтарды мұқият оқы. Әр сұраққа ойланып жауап бер. Өз жауабыңды себебімен түсіндір.

Екеуі де маңызды ма?

1. Егер ауыл болмаса, қалада өмір қандай болар еді? (Азық-түлік, еңбек, табиғат туралы ойлан)
2. Егер қала болмаса, ауылға не жетіспеуі мүмкін? (Білім, аурухана, жұмыс орындары туралы айт)
3. Ауыл мен қала бір-біріне қалай көмектеседі?
4. Қайсысы ел үшін маңыздырақ деп ойлайсың? Неге? (Дәлел келтір)



3. Шешім қабылда.

Сенің отбасың ауылға (қалаға) көшеміз деп шешті. Қалада (ауылда) нені сағынасың? Ауылда (қалада) не қызықты болады?



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Елді мекен деген не? Ауылды сипаттап айт.
- Қаланың қандай ерекшелігі бар?



15-сабақ

Саяхаттау – керемет әсер

Бүгінгі сабақта:

- «саяхат» ұғымын түсінесің, Қазақстанның тартымды туристік нысандарын білесің; саяхаттың рухани тәрбиелік мәнін сезінесің.

Саяхат, туризм, заманауи, сәулет өнері.



- Саяхат деген не?
- Сәулет өнері деген не?



Саяхат – бір жерден басқа жерді көру, танысу, демалу үшін бару. Мысалы, басқа қала, ауылдағы сәулет өнері туындыларын тамашалау, музей аралау – бәрі саяхат немесе **туризм** деп аталады. Саяхатшыларды **туристер** дейміз.

Қайда саяхаттауға болады?

– Қазақстан ішінде: тарихи және мәдени ескерткіштері, музейлері бар қалалар мен ауылдар (Астана, Алматы, Түркістан қалалары, Жидебай ауылындағы Абай музейі) т.б. **туристік нысандар** көп. Жаңа жерлерді, әсем табиғатты көресің. Ерекше құрылыстарды, ерекше сәулет өнері туындыларын тамашалайсың.

Сәулет өнері – ғимараттар мен үйлерді әдемі әрі ыңғайлы етіп салу. Мектеп, үй, тарихи және мәдени ескерткіштер, сарай, өуежай, вокзал т.б. ғимараттар сәулет өнері туындыларына жатады.

Қазақстанда заманауи сәулет өнері де дамыған қалалар көп. Қазіргі кезде ғимараттар темір, бетон сияқты мықты материалдардан салынады. Көп ғимараттардың пішіні өзгеше болады. Кейбір үйлер, сауда орталықтары және көпірлер алыстан көз тартады.


Астана қаласы әдемі, биік ғимараттарымен әйгілі. Мысалы, Бәйтерек, Хан Шатыр, Бейбітшілік және келісім сарайы.

Алматы қаласы да заманауи сәулетімен танымал. Мұнда үлкен сауда орталықтары, көрікті үйлер мен мәдени ғимараттар салынған. Түркістан қаласындағы «Керуен Сарай» кешені – үлкен көпфункционалды туристік кешен. Ол – дәстүрлі сауда және демалыс аймағын бір жерге біріктірген орын. Кестедегі ерекше сәулет өнері туындыларымен таныс (12-кесте). Басқа қалаларда да жаңа ғимараттар көбейіп келеді.

12-кесте. Қазақстанның танымал туристік орындары



Астанадағы «Хан Шатыр» ойын-сауық және ірі сауда-саттық орталығы.



«Көктөбе» телемұнарасы – Алматыдағы танымал телемұнара. Оның маңындағы көрікті жер – халықтың сүйікті демалыс орны.



1000 орындық 25 қабатты «Қазақстан» қонақүйі. Алматы қаласы. Тарихи ескерткіш.



«Керуен Сарай» кешені. Түркістан қаласы. Туристер көп баратын орын.

Саяхатқа шыққанда қауіпсіздік ережесін сақтау өте маңызды. Бұл – өзімізді және жанымыздағы адамдарды қорғау үшін қажет.

Саяхат кезіндегі қауіпсіздік ережелері:

1. Мұғалімнен немесе ата-анаңнан алыс кетпе. Өрдайым топпен бірге жүр.
2. Жолда жүру ережесін сақта. Көшеден тек жаяу жүргіншілер жолағымен өт.
3. Бейтаныс адаммен сөйлеспе. Ешқашан бөгде адамдардан ештеңе алма.
4. Қауіпті жерлерге (өзен, жар, биік орын) жақындама.
5. Қолыңды жиі жу немесе залалсыздандырғыш (анти-септик) қолдан.
6. Қажетті заттарды ала бар: су, қалта шамы, байланыс үшін телефон (егер болса).
7. Мұғалімнің, ата-анаңның айтқанын мұқият тыңда. Есте сақта! Қауіпсіздік – саяхаттың ең маңызды бөлігі. Оны сақтасаң, саяхат қызықты әрі пайдалы болады!



1. 42-сурет бойынша әңгіме құрастыр.



42-сурет. Саяхаттау орындары

- Саяхатқа қайда барғың келеді? Неліктен сол жерді таңдадың? Қандай көлікпен барасың?



2. «Қауіпсіз саяхат шабаданын» жина. Ол үшін шабаданның суретін сал. Саяхатқа шыққанда ішіне қандай заттар салатыныңды жаз. Әр заттың қасына не үшін керек екенін жаз. Мысалы, жолда жүргенде қолды жиі жууға мүмкіндік болмауы мүмкін. Залалсыздандырғыш – қолдың тазалығын сақтау үшін қолданылатын сұйықтық.



3. Сұрақтарға жауап бере отырып, «Егер мен сәулетші болсам...» деген тақырыпта өз ойыңды жаз.

Егер сен сәулетші болсаң, өз қалаңда (ауылыңда) қандай ғимарат салатын едің?

1. Ғимарат қалай аталады?
2. Не үшін керек?
3. Қандай пішінде болады?
4. Ол несімен ерекшеленеді?
5. Адамдарға қандай пайдасы болар еді?



4. Сұрақтарға жауап бер.
 - Саяхат дегеніміз не?
 - Турист деген кім?
 - Қайда саяхаттауға болады?
 - Өзің тұратын жерде туристік нысандар бар ма?
 - Еліміздегі қандай жерді немесе ғимаратты жарнама-лағың келеді?
 - Саяхаттау не үшін қажет деп ойлайсың?
 - Саяхатта қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?
 - Саяхатқа шыққанда өзіңмен не аласың?



16-сабақ Жергілікті жердің жоспары

Бүгінгі сабақта:

- масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құруды;
- астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтауды үйренесің.

Масштаб, шартты белгілер, жергілікті жер, жоспар, қашықтық, нысан.



- Жергілікті жердің* жоспары деген не?
- Шартты белгілер деген не? Масштаб* деген не?



Жергілікті жердің жоспары дегеніміз – белгіленген аумақтың кішірейтіліп, шартты белгілермен қағазға түсірілген бейнесі. Ол картаға ұқсайды (43-сурет).



43-сурет. Жергілікті жердің суреті және жоспары

Шартты белгілер – осы жоспарда белгілі бір нысанды көрсету үшін қолданылатын таңбалар (13-кесте).

13-кесте. Шартты белгілер

Нысандар				
Шартты белгілер				

Нені білдіреді?	Мектеп	Жеміс бағы	Ағаштар	Шабындық
Нысандар				
Шартты белгілер				
Нені білдіреді?	Өзен	Темір көпір	Ағаш көпір	Жол

Масштаб – нақты қашықтықты* кішірейтіп көрсету. Мысалы: 1 см = 10 м (қағаздағы 1 см 10 метрге тең деген сөз). Осылайша үлкен аумақты шағын қағазға сыйғызып сызуға болады.

Жергілікті жердің жоспарын қалай құру керек?

1. Бақылаймыз: айналамызды қарап, нысандарды анықтаймыз (мектеп, дүкен, үй, жол, ағаш т.б.).
2. Нысандарды таңдаймыз: қайсысын жоспарға енгізетінімізді шешеміз.
3. Масштабты белгілейміз: мысалы, 1 см – 5 м.
4. Қағаз бетіне түсіреміз: шартты белгілермен орналасуын көрсетеміз.
5. Аттарын жазамыз: белгі қасына нысан атауын жазамыз.

Көкжиек тұстарын анықтау

Көкжиек – жер бетін көзбен шолғанда көрінетін шегара. Оның төрт негізгі тұсы бар: 1. Солтүстік (С) 2. Оңтүстік (О) 3. Шығыс (Ш) 4. Батыс (Б) (44-сурет).

Астрономиялық белгілер* арқылы бағытты анықтауға болады. Күн шығатын тұс – шығыс. Күн батыр тұс – батыс. Шығысқа қарай оң, батысқа қарай сол қолыңды созсаң – алдында солтүстік, артында оңтүстік болады.

Тұсбағар (45-сурет) – көкжиек тұстарын анықтайтын құрал. Оның тілшесі әрдайым солтүстікке қарап тұрады. Тұсбағар орманда, тауда жол табуға көмектеседі.



44-сурет. Көкжиек тұстары



45-сурет. Тұсбағар



1. QR-ды ашып, бейнежазбаны көр. Жергілікті жердің жоспары туралы не білдің? Түсінгеніңді айтып бер.



2. Шартты белгілерді пайдалана отырып, «Менің ауламның жоспары» тақырыбында жоба жаса.

1) Шолу жаса. Үйіңнің айналасын аралап көр. Не бар екенін анықта: үй, ағаш, жол, аялдама, дүкен, алаң т.б.

2) Масштаб таңда. Мысалы: 1 см – 5 метр деп ал.

3) «Менің ауламның жоспары» деп жаз.

4) Негізгі орынды белгіле. Алдымен үйді сал. Оны қағаздың ортасына сал. Үйді тік төртбұрыш етіп сызсаң болады.

5) Үй мен жолдың арасы шамамен 10 м болса, 2 см етіп ал. Сызғышпен өлшеп сыз.

6) Қалған нысандарды есіңе түсір. Үйдің қай тұсында қандай нысан бар? Ретімен сал: жол, ағаш, дүкен, аялдама, алаң, орындық. Әр затты қарапайым белгімен белгілеп, жаз.

Есіңе сақта: алдымен негізгі орынды сал. Көкжиек тұстарын анықта, масштабты сақта.



3. Сұрақтарға жауап бер.

- Жергілікті жердің жоспары дегеніміз не?
- Шартты белгілер дегеніміз не? Масштаб дегеніміз не? Көкжиек дегеніміз не? Негізгі бағыттарды ата.
- Тұсбағар не үшін қолданылады?



IV БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

Мен елді мекендер қала және ауыл болып бөлінетінін білдім.

Қалада көпқабатты үйлер, зауыттар, мектептер, ауруханалар көп болатынын білдім.

Ауыл табиғатқа жақын екенін, тұрғындар егін және малшаруашылығымен айналысатынын, қала мен ауыл бір-бірімен қызмет арқылы байланысатынын білдім.

Қазақстанда көптеген әдемі туристік орындар бар екенін, оларға туристер жиі баратынын білдім.

Жергілікті жердің жоспары – белгілі бір аумақтың қағаздағы сызбасы екенін, масштабта жер бетіндегі қашықтық кішірейтіліп көрсетілетінін білдім.

Мен не үйрендім?

Елді мекендерді көлемі, қызметі мен орналасуына қарай ажыратуды үйрендім.

Саяхат кезінде қауіпсіздік пен тазалық ережесін сақтауды үйрендім.

Шартты белгілерді – ғимараттарды, жолдарды, өзен-көлдерді, ағаштарды белгілеуге арналған арнайы таңбаларды қолдануды үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Табиғатқа саяхат жасау мен қаладағы саяхаттың айырмашылығы неде? Саған қайсысы ұнайды? Неге?

Табиғатқа саяхат жасағанда нені көруге болады?

Қалаға саяхат жасағанда қайда баруға болады?

Біліміңді тексер



QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер.



V БӨЛІМ



ӨНЕР



Бұл бөлімнен сен:

өз әулетіңнің құндылықтарын анықтауды;



тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін сурет түрінде салып үйренесің;

Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсінесің («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік Ел» қақпасы)



түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтауды;

тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіре аласың.





17-сабақ

Отбасы – сыйластық пен сүйіспеншілік мектебі

Бүгінгі сабақта:

- өз әулетінің құндылықтарын анықтайсың.

Әулет, әулет құндылықтары, отбасылық мұра, салт-дәстүр, ұрпақтар сабақтастығы.



- Әулет деген не?
- Әулет құндылықтары деген не?



Әулет дегеніміз – отбасы мүшелері мен туыстардың барлығы. Мысалы: ата-әже, әке-шеше, бауырлар, нағашылар, ағайындар (46-сурет).



46-сурет. Әулет

Әулет құндылықтары дегеніміз – отбасында бағаланатын, маңызды нәрселер. Мысалы:

- үлкендерді құрметтеу;
- бірлік пен татулық (47-сурет), еңбекқорлық;
- тәртіп пен адалдық;
- ата-баба дәстүрін сақтау;
- отбасылық мұра;
- ұрпақтар сабақтастығы.



47-сурет. Бірлік пен татулық

Құндылықтарды қалай анықтауға болады?

1. Әкең мен анаңнан, ата-әжеңнен: «Біздің отбасымызда не маңызды? Біздің отбасымыз нені жақсы көреді, неге мән береді?» – деп сұра.
2. Отбасында қандай сөздер жиі айтылатынына көңіл бөл. Мысалы: «Үлкенге сәлем бер», «Адал бол», «Білім ал» деген сөздер.
3. Отбасылық дәстүрлерге назар аудар, мысалы, Наурыз мерекесіне дастарқан жаю, туыстарды қонаққа шақыру, бір-біріне көмектесу, т.б.

Отбасылық мұра – ұрпақтан ұрпаққа берілетін құнды заттар, дәстүрлер, тәлім-тәрбие, әңгімелер, кәсіптер немесе отбасының тарихы. Мысалы:

- әжеңнің немесе атаңның көне кітабы;
- ұрпақтан ұрпаққа берілетін ұлттық киім, әшекей заттары;
- әулеттегі салт-дәстүр (мысалы, Наурызда бірге көже пісіру);
- отбасы шежіресі;
- ата кәсібі (қолөнер, малшаруашылығы, т.б.)

Отбасылық мұра отбасының тарихын, құндылығын көрсетеді.

Ұрпақтар сабақтастығы – үлкендердің өмірлік тәжірибесі мен тәрбиесін кейінгі жас буынға жеткізуі. Мысалы, атам шежіре айтуды жақсы көреді. Ол маған біздің жеті атамыздың атын жаттатты. Мен енді ініме үйретіп жүрмін.

Әжем – қонақжай адам. Қонаққа деп асылатын ет, құрт-ірімшік, жент сақтайды. Анам осы дәстүрді жалғастырып жүр. Олар бізге де қонақты жылы қарсы алуды *үйретеді (48-сурет)*.

Ұрпақтар сабақтастығы осылай іске асады, демек, отбасындағы құндылықтар мен дәстүрлер үзілмей, жалғасып отырады.



48-сурет. Қонақжайлылық



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. Жұптасып, сұрақтар бойынша «Менің әулетім» тақырыбында сұхбат жүргізіндер.

- Сенің отбасыңда кімдер бар?
- Үйде ең жиі айтылатын жақсы сөздер қандай?
- Сенің әулетінде қандай дәстүрлер бар?
- Үлкен кісілерге қалай құрмет көрсетесің?
- Отбасыңда қандай жақсы қасиеттер бағаланады?

В деңгейі. 14-кестеде берілген шартты белгілермен таныс. Сай келетінін таңдап, өз әулетіңді таныстыр. Мысалдар келтіріп, дәлелде.

14-кесте. Шартты белгілер мен олардың мәні

Белгі	Мәні	Белгі	Мәні
♥	Жақсы көру	✋	Бірлік, көмек
📖	Білім, оқу	🔧	Еңбекқорлық
☀	Жылулық, мейірім	👤	Салт-дәстүр

С деңгейі. Өз әулетіңнің құндылығын анықтап, отбасы ағашын құрастыр.

- Төменгі бөлікке өз атыңды жаз.
- Жоғарыға әке-анаңды, ата-әжеңді қос.
- Әр адамның жанына әулет құндылығына қатысты қасиетін жаз (мысалы: ата кәсібін, дәстүрді жалғастырушы, мұра иесі).



2. QR-ды ашып, бейнежазбаны көр. Сен отбасы музейін құрар болсаң, қандай заттарды алар едің?



3. Жағдаятты талдап, сұрақтарға жауап бер.

Анасы жұмыстан шаршап келді. Аян ойнап отыр екен. Анасы одан үй шаруасына көмектесуін өтінді. Алайда Аян анасының өтінішіне құлақ аспады. Ойнап отыра берді.

1. Анасы қайдан келді?
2. Анасы Аянға неге ренжіді?
3. Сен Аяның орнында болсаң, не істер едің?
4. Аянға анасына көмектесу қажеттігін қалай түсіндірер едің?
5. Үй шаруасына көмектесу не үшін маңызды?
6. Ата-анаға көмектесу қандай жақсы қасиетті көрсетеді?



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Әулет деген не?
- Әулет құндылықтары неліктен маңызды деп ойлайсың?
- Отбасыңда қандай жақсы дәстүрлер бар?
- Отбасылық мұра дегенді қалай түсінесің?
- Сенің әулетінде ұрпақтар сабақтастығы жалғасын тапқан ба?



18-сабақ

Сақтық – адамның ең жақсы қасиеті

Бүгінгі сабақта:

- тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін сурет түрінде сала аласың.

Тұрмыстық құралдар, тұрмыстық электр құралдары, қарапайым тұрмыстық құралдар.



- Тұрмыстық құралдар деген не?
- Тұрмыстық құралдарды қолданғанда қандай сақтық шараларын сақтау керек?



Тұрмыстық құралдар дегеніміз – үйде күнделікті қолданылатын электр және қарапайым қол күші арқылы жұмыс істейтін жабдықтар. Олар үй шаруасын жеңілдетеді.

Тұрмыстық электр құралдары: кіржуғыш мәшине, тоңазытқыш, шөйнек (электрлік), нан пісіргіш, шаш кептіргіш, шаңсорғыш, үтік, теледидар т.б.

Қарапайым тұрмыстық құралдар: қайшы, асхана құралдары (қасық, пышақ, шанышқы), сыпырғыш, шелек т.б.



Сен білесің бе?

Шаңсорғышты алғаш 1901 жылы шығарған. Үлкен болғандықтан, оны ат-арбамен тартатын болған (49-сурет). Ал бүгінде заманауи шаңсорғыштың түрлері өте көп әрі шағын болып келеді.



49-сурет. Ежелгі шаңсорғыш

Тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері

Тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерімен таныс (15-кесте).

1 Бұл – ток көзі.

Оған саусақ, сулы, темір заттарды сұғуға болмайды.



2 Үтікті абайлап қолдан!

Үтік қосулы тұрса, ыстық жағынан ұстама.
Үтіктеп болған соң, сымын ток көзінен ажырат.



3 Ток көзіне қосылып тұрған электр құралдарын су қолмен ұстама!

Қолың құрғақ болсын.



4 Газ плитасына жақындама!

– Газ қосулы тұрса, жанында ойнама.
– Үлкендердің көмегінсіз газ плитасын қоспа.



5 Қайшыны қолыңа алып, жүрме, жүгірме. Жұмыс істегенде абай бол.

– Пышақты тек үлкендердің бақылауымен ас дайындауда қолдан.



6 Кіржуғыш машинені өз бетіңше қоспа!

Ішіне бөгде заттар салма. Ол тек кір жууға арналғанын есте сақта!
Тоңазытқыштың есігін ұзақ ашып тұруға болмайды.



15-кесте. Тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелері

Осы ережелерді есте сақтағанда, сен үйде және мектепте қауіпсіз жүре аласың.

Тұрмыстық құралдар уақыт өте келе қауіпсіз, тиімді және ыңғайлы бола түсті. Дегенмен оларды дұрыс пайдалану – әр адамның жауапкершілігі!



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. Суреттер қандай қауіпсіздік ережесін еске салады?
50-сурет бойынша қауіпсіздік ережелерін айт.



50-сурет. Қауіпсіздік ережелері



3. Екі топқа бөлініп, электр құралдары мен қарапайым тұрмыстық құралдарды пайдаланудың ережелерін жасаңдар. Онда ережелерді Paint графикалық редакторында орындап, топ алдында қорғаңдар.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Тұрмыстық құралдарды қолданғанда қандай ережелерді сақтау керек?
- Қауіпсіздік ережесін бұзған жағдайда не болуы мүмкін?
- Қай тұрмыстық құралды жиі қолданасың? Оған қатысты қандай қауіпсіздік шараларын білесің?
- Үйдегі қандай құралдарды қолданғанда абай болу керек?
- Электр құралдарын қолданар алдында не істеу қажет?



19-сабақ Әр белгіде сыр бар

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанның бейресми рәміздерінің мәнін түсінесің («Алтын адам», «Бәйтерек» монументі, «Мәңгілік ел» қақпасы).

Бейресми рәміздер, киіз үй, домбыра, монумент, «Мәңгілік ел» қақпасы.



- Бейресми рәміздер деген не?
- Бейресми рәміздер нені білдіреді?



Бейресми рәміздер дегеніміз – елімізді танытатын, бірақ ресми заңмен бекітілмеген белгілер мен нышандар. Олар халықтың салт-дәстүрін, мәдениетін, табиғатын көрсетеді.

Қазақстанның бейресми рәміздері (16-кесте):

16-кесте. Қазақстанның бейресми рәміздері



Киіз үй – қазақ халқының ежелгі баспанасы, бірліктің белгісі.



Домбыра – қазақ халқының өнері мен рухының белгісі.



Ұлттық киімдер – ұлттық дәстүр мен мәдениеттің белгісі.



Бауырсақ, қымыз, шұбат – қонақжайлылықтың белгісі.

Бейресми рәміздердің мәні неде?

– Халқымыздың мәдениеті мен болмысын көрсетеді.

– Басқа елдерге қазақ ұлтын танытады.

– Ұлттық мақтаныш сезімін оятады.

– Салт-дәстүрді үйретеді.

Алтын адам – алтынмен безендірілген ежелгі сақ жауынгерінің киімі (51-сурет). 1970 жылы Есік қорғанынан табылған. Бұл қазақ елінің тарихы терең екенін, бабаларымыз батыр болғанын көрсетеді.

«Бәйтерек» монументі – Астана қаласындағы құрылыс кешені (52-сурет). Самұрық құс туралы аңызға байланысты салынған. Биіктігі – 97 метр (қаланың 1997 жылы елорда болғанын білдіреді).

«Мәңгілік ел» қақпасы (53-сурет) – Астанадағы үлкен салтанатты қақпа. Қазақстанның тәуелсіздігі мен бірлігінің, ортақ құндылықтың белгісі. «Мәңгілік ел» деген жазу халықтың арман-тілегінің көрінісі.

Бұл нысандар арқылы еліміздің тарихы мен болашағы, мәдениеті мен арманы танылады.



51-сурет.
Алтын адам



52-сурет.
«Бәйтерек»
монументі



53-сурет. «Мәңгілік ел»
қақпасы



1. Еліміздің бейресми рәміздері туралы таныстырылым дайында.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- Бейресми рәміздердің маңызы неде?
- Алтын адамның киімі неден жасалған?
- Бәйтеректің биіктігі неге 97 метр?
- «Мәңгілік ел» дегенді сен қалай түсінесің?



20-сабақ

Тарих – тәрбие құралы

Бүгінгі сабақта:

- түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтауды үйренесің.

Көшпелі, түркілер, батырлық, зергерлік, көне түркі руна жазуы.



- Түркілердің өмір салты қандай болған?
- Түркілерде қандай өнер түрлері болған?



Түркілердің өмір салтымен танысайық.

Түркілер ұзақ уақыт көшпелі өмір сүрген: мал баққан (54-сурет). Киіз үйде тұрған, себебі оны тігу, жинау және тасымалдау оңай болған. Бір қызығы, түркілер киіз үйді күннің бағытына қарай тігетін болған. Есігі шығысқа қарайтын, ал төрі батыста болатын.



54-сурет. Жайлауда мал бағу

Малшаруашылығымен айналысқан. Мал азық, киім, көлік және байлық көзі болған.

Қару-жарақ (55-сурет) жасаған, жылқыны көлік еткен. Түркі жауынгерлері (56-сурет) мықты болған. Атқа мініп, садақ тартқан, елін қорғаған.

Түркілер әшекей бұйымдарын жасаған (57-сурет). Қол-өнер мен зергерлікке шебер болған. Киім, ыдыс, ер-тұрманды ою-өрнекпен*, тастармен безендіріп отырған.



55-сурет. Қару-жарақ



56-сурет. Түркі жауынгері

Олар тіл мен дәстүрді жоғары құрметтеген. Ұрпағына өсиетін тасқа қашап жазып кеткен. Бұл көне түркі руна жазуы деп аталады.



57-сурет. Зергерлік бұйымдар



1. «Түркілердің өмірі» атты сурет сал.

Мысалы: ортада киіз үй, жанында малдар (қой, жылқы), бір жақта жауынгер – қолында қалқан мен садақ. Алыстан жазық дала мен таулар, көшіп бара жатқан керуен көрінеді.



2. Түркілер неліктен малшаруашылығымен айналысқанын зертте. Қандай пайдасы болған? Сипаттап айт.



3. Сұрақтарға жауап бер.
 - Түркілер қандай үйде тұрған? Немен айналысқан?
 - Олар неге көшіп отырған? Түркілер нені жақсы көрген?
 - Түркілердің жазуы қалай аталады?

21-сабақ

Мәдени мұра – елдің мақтанышы

Бүгінгі сабақта:

- тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтаудың маңыздылығын түсінесің.

Мәдени мұра, ауыз әдебиеті, өнер, күй, айтыс, қолөнер, ою-өрнек.



- Қазақ халқының ұлттық мәдени мұрасын не үшін сақтау қажет?



Қазақ халқының мәдени мұрасы өте бай. Бұл – ата-бабамыздан қалған асыл қазына. Оған салт-дәстүр, ұлттық өнер, қолөнер жатады. **Халқымыздың ауыз әдебиеті** – әндер, мақал-мәтелдер, жырлар, ертегі, жұмбақ, жаңылтпаштар, аңыздар да ертеден қалған мұра.

Қазақтың ұлттық өнеріне күй тарту, ән айту, би билеу, айтысу^{*} (58-сурет) жатады. Ұлттық мақтанышымыздың бірі – күйші Құрманғазы Сағырбайұлы. Ол көптеген күй шығарған. QR-ды ашып, оның «Сарыарқа» күйін тыңдай аласыңдар.



Қолөнер – қолмен жасалған әдемі бұйымдар. Оларға кілем (59-сурет), алаша тоқу, сырмақ сыру, текемет басу жатады. Зергерлік бұйымдар да үлкен шеберлікті қажет етеді. Ағаштан бұйым жасайтын, ұлттық киім тігетін шеберлер, зергерлер де мәдени мұраны жалғастырып келеді. Қолөнер заттарына қазақ халқының ою-өрнектері салынады. Ою-өрнектер бұйымдарға



58-сурет. Айтыс



59-сурет. Кілем

әдемілік беріп қана қоймайды, олар халықтың тарихы мен мәдениетін көрсетеді. Ою-өрнектің түрлері көп. Мысалы, «су өрнегі», «қазмойын», «қошқармүйіз» т.б. (60-сурет). Әр оюдың өз мағынасы бар. Мысалы, «қошқармүйіз» оюы – байлық пен молшылық нышаны.

Ұлттық ойындардың да алатын орны ерекше. Олар ұрпақты епті, мықты етіп тәрбиелеуге бағытталған (61-сурет).

Қазақстандағы ең көне тарихи ескерткіштердің бірі – Таңбалы тас петроглифтері. 3000 жылдан астам уақыт бұрын салынған! Бұл суреттер бізге ежелгі адамдардың қалай өмір сүргенін, дүниетанымын көрсетеді (62-сурет).



«Су өрнегі» оюы



«Қазмойын» оюы



«Қошқармүйіз» оюы

60-сурет. Оюлар



61-сурет. «Теңге ілу» ойыны



62-сурет. Тасқа салынған суреттер

Тарихи және мәдени ескерткіштер – ел тарихының тірі куәсі. Бұл – біздің байлығымыз. Біз дәстүрімізді құрметтеп, ұлттық өнерді үйренуіміз керек. Сонда біз оны келесі ұрпаққа жеткізе аламыз.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



В деңгейі. Себебін түсіндір.

- Неліктен қазақ халқы ою-өрнектерді көп қолданған деп ойлайсың?

С деңгейі. Қиялдап, өз ойыңды білдір.

- Егер сен шебер болсаң, қандай бұйым жасар едің? Оған қандай ою-өрнек салар едің? Сипаттап айт немесе суретін сал.



2. Жағдаятты талдап, сұрақтарға жауап бер.

Балалар сабақта ою ойып үйренді. Айзат үйге келген соң әжесіне оюын көрсетті. Енді әжесіне қамзол тігуді үйретуін өтінді. Әжесі Айзатты құшақтап, бауырына қысты.

1. Неліктен әжесі Айзатқа риза болды деп ойлайсың?
2. Мәдени мұраны сақтауға біз қалай үлес қоса аламыз?



3. Бірнеше топқа бөлініп, «Егер мен тележүргізуші болсам...» тақырыбында шағын көрініс көрсетіңдер. Егер сендер теледидарда бағдарлама түсірсеңдер, қандай мұраларды көрсетер едіңдер? Кімдерді шақырар едіңдер? Неге?



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Ұлттық мұра деген не?
- Қазақтың қандай өнер түрлерін білесің?
- Қолөнерге нелер жатады?
- Ұлттық мұраны неліктен сақтау керек?
- Ұлттық мұраны сақтауға өзің қандай үлес қоса аласың?



V БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

Әулет дегеніміз отбасым мен туыстарым екенін білдім. Әулетімізде маңызды дәстүрлер (үлкендерді сыйлау, кішілерге қамқор болу), еңбекқорлық, адалдық, білімге ұмтылу сияқты жақсы қасиеттер бар екенін білдім.

Тұрмыстық құралдарға не жататынын, оларды абайлап пайдалану керек екенін білдім.

Бейресми рәміздер – еліміздің тарихы мен мәдениетінің белгісі екенін білдім.

Ежелгі бабаларымыз – түркілер көшпелі өмір сүргенін, олардың киіз үйде тұрып, малшаруашылығымен айналысқанын білдім.

Тарихи, мәдени ескерткіштер – бұрынғы ата-бабадан қалған мұра екенін, оларды болашақ ұрпаққа сақтау керектігін білдім.

Мен не үйрендім?

Өз әулетімнің құндылықтарын анықтауды үйрендім. Отбасылық дәстүрлер мен мұраларды сақтаудың маңызын түсіндім.

Тұрмыстық құралдарды қауіпсіз пайдалану жолдарын үйрендім.

Мәдени мұраны зерттеуді, сақтауды үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Үлкендерді құрметтеу дәстүрі неге ұрпақ сабақтастығын сақтауда маңызды? Егер үйде қауіпсіздік ережесі бұзылса, қандай жағдай туындауы мүмкін? Мысал келтір.

Егер сен шетелдік досыңа Қазақстанды үш бейнемен таныстырар болсаң, нені таңдар едің? Неліктен?

Біліміңді тексер



QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер.



VI БӨЛІМ

АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР



► Бұл бөлімнен сен:

түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтауды;



Қазақ хандығының құрылу себептерін;

тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін;



тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсетуді білесің.





22-сабақ

Ұлы адамдардың ізі – тарихтың тірегі

Бүгінгі сабақта:

- түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтайсың.

Күлтегін, Білге қаған,
Тоныкөк, Орхон
ескерткіштері



- Түркілердің өмірі туралы не білесің?
- Түркілердің қандай атақты адамдары болды?



Түркілер ержүрек халық ретінде танылған. Оларға елін, жерін қорғау үшін жиі шайқасуға тура келді. Сондықтан жігіттермен қатар қыздар да мықты жауынгер болған.

Балалар ерте жастан-ақ атқа мінуді, мергендікті меңгерді. Оларды жастайынан төзімділікке, ептілікке баулыған.

Түркілер табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, еркіндікке, батырлық пен әділеттілікке ұмтылды. Ел қорғаған батырларын құрметтеді. Көне түркінің атақты адамдары – заманында елін, жерін қорғаған, саяси және рухани көшбасшы болған жандар.

Атақты тұлғалар. 1. Күлтегін – Түркі қағанатының батыры, қолбасшы (*63-сурет*). Ол 685 жылы туған. Оның әкесі – Құтлық қаған. Ол қағанаттың билеушісі болды. Күлтегіннің 7 жасында әкесі өмірден өтеді. Таққа әкесінің інісі Қапаған отырады. Кейін билік Күлтегіннің ағасы – Білге қағанға көшеді.

Күлтегін ерте есейіп, жастайынан елін жаудан қорғады. Қырғын соғыстарда ерлігімен танымал болды. Ол 731 жылы қайтыс болды.

2. Білге қаған – түркі халқының дана билеушісі. Ол әділ болған. Елдің бірлігін сақтап, заңдар шығарып,



63-сурет. Күлтегін

мемлекетті гүлдендірген. Білге қаған: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ» деген өсиет қалдырды.

3. Тоныкөк – ақылшы, кеңесші, қолбасшы және білімді адам. Ол түркі халқының рухани тірегі болған. Күлтегін мен Білге қағанға ақыл-кеңес берген.

Бұл тұлғалар түркі халқының мәдениетін, бірлігін сақтауға ерен еңбек еткен. Үшеуінің ерлігі мен даналығы туралы көне түркі руна жазуымен қашалған жазбалар Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойынан табылған. Бұл жазбалар **Орхон ескерткіштері** деп аталады.



Сен білесің бе?

КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІ

Бұл – ежелгі түркі жазба ескерткішінің бірі. Ол Моңғолиядағы Орхон өзені бойында орнатылған. Биіктігі 3,15 м, ені 1,34 м.

Ескерткіштің көшірмесі Астанада, Еуразия ұлттық университетінің төрінде тұр.



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. Мәтіндегі ескерткішті сипаттап айт. Сұрақтарға жауап бер.



Ескерткіш кімге арналған? Ол қай заманда өмір сүрді?



3. Сұрақтарға жауап бер.

- Күлтегін деген кім? Түркілердің өмір салты қандай болды?
- Тоныкөктің қызметі қандай?
- Білге қағанды ел неге құрметтеген?
- Сен түркі батырларының орнында болсаң, не істер едің?



23-сабақ

Тарихын таныған ел тозбайды

Бүгінгі сабақта:

- Қазақ хандығының құрылу себептерін білесің.

Қазақ хандығы,
Керей хан,
Жәнібек хан.



• Қазақ хандығы не үшін құрылды?



Қазақ хандығы – қазақ елінің алғашқы мемлекеті. Ол 1465 жылы құрылды. Қазақ хандығының құрылу себептері:

1. Қазақ ру-тайпалары біртұтас мемлекет құруды қалады.
2. Соғыстан шаршаған халық тыныш, бейбіт өмір іздеді.
3. Жер мен елді біріктіру. Әр қазақ руы өзіне тиесілі аймақта ғана иелік еткен. Оларды біріктіріп, бір мемлекет құру қажет болды.
4. Тіл, салт-дәстүрді сақтау. Халықтың тілі, діні, салты бірдей болғандықтан, олар бір ел болғысы келді.

QR-ды ашып, «қазақ» атауының мағынасы, қазақ ру-тайпалары, Қазақ хандығы туралы мәліметпен таныс.



Қазақ хандығы қазақ халқының тәуелсіз мемлекетке айналуына бастау болды. Хандықты құрған қазақ халқының алғашқы хандары – Керей мен Жәнібек болды.

Керей хан – Қазақ хандығының алғашқы ханы. Ол елдің тұтастығы мен бейбіт өмір сүруін армандады. 1465 жылы Жетісуға келіп, хандық құрды. Ол ақылды, сабырлы, ел басқаруда тәжірибелі адам еді. Керей хан халықты бірлікке шақырып, елдің тыныштығын сақтауға тырысты. Ол 1473 жылға дейін Қазақ хандығының ханы болды.

Жәнібек хан Кереймен бірге Қазақ хандығының негізін қалады. Ол батыл, әділ, халқына жанашыр адам болатын. Әділетті, парасатты басшы болды. Аты Керей есімімен бірге аталып, қатар құрметтеледі.

Бұл тұлғалар Қазақ хандығының іргесін қалап, елдің бірлігі үшін күресті. Олардың арқасында қазақ халқы өз мемлекетін құрып, дамуға жол ашты.

Қазақ хандығы – тәуелсіз ел болуға алғашқы қадам.

Керей мен Жәнібек хандар билік еткен кезде қазақ халқының негізгі кәсібі малшаруашылығы болды. Кейбір өңірлерде егін егіліп, сауда мен қолөнер де дамыды.



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. Қазақ хандығының құрылуы неге маңызды деп ойлайсың? Өз ойыңды қысқаша айтып бер.



3. Сұрақтарға жауап бере отырып, «Қазақ хандығы – біздің тарихымыздың бастауы» тақырыбында жоба қорға.

1. Қазақ хандығы деген не?
2. Оны қай жылы, кімдер құрды?
3. Қазақ хандығының құрылуына не себеп болды?
4. Қорытынды.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Алғашқы хандар кімдер болды?
- Керей хан туралы не білесің?
- Жәнібек ханның елге сіңірген еңбегі қандай?
- Қазақ хандығы қандай мақсатпен құрылды?
- Халық қандай кәсіппен айналысты?



24-сабақ

Ел үшін туған ер – еліне пана

Бүгінгі сабақта:

- тарихи мысалдар негізінде хандар мен билердің рөлін анықтайсың.

Хандар, билер,
Абылай хан,
Төле би, Қазыбек би,
Әйтеке би.



- Хандар мен билер кімдер болған?



Хандар – елді басқарған билеушілер. Олар халықты біріктіріп, бейбіт өмір сүруіне жағдай жасады. Қазақ халқының атақты хандарының бірі – Абылай хан.



Абылай хан – қазақ халқының ұлы ханы және ел басқарған дана тұлға. Ол XVIII ғасырда өмір сүрген. Абылай хан елін сыртқы жаудан қорғап, бірлікке шақырған. Ол шайқастарда ерен ерлігімен көзге түскен. Халық оны батырлығы мен әділдігі үшін өте жақсы көрген. Ол үш жүздің* басын біріктіріп, қазақ елінің тыныштығын сақтауға көп еңбек сіңірді.



Сен білесің бе?

Абылай ханның шын аты – Әбілмансұр.

Ол бала күнінде көп қиындық көріп, қарапайым өмір сүрген. Жас кезінде Төле бидің қасында болған екен.

Абылай хан өте дана адам болған, елін қорғау үшін дұрыс шешімдер қабылдаған. Шабуылға өзі бастап шығып, сарбаздарға рухани күш беріп отырған. Сондықтан оның есімі тарихта мәңгі сақталған.

sputnik.kz

Билер – әділ шешім айтқан, ел ішіндегі дау-жанжалды шешкен дана адамдар. Төле би, Қазыбек би, Өйтеке би хандардың сенімді кеңесшілері болған.



Төле Өлібекұлы – қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің биі. Төле би әділ шешім айтып, ел ішіндегі дауларды бейбіт жолмен шешкен. Ол халықты бірлікке, татулыққа шақырып, Қазақ хандығының нығаюына үлес қосты. Қазақ заңдарының жинағы – «Жеті жарғыны» құрушылардың бірі.



Қазыбек Келдібекұлы – қазақ халқының биі, Орта жүздің Арғын тайпасынан шыққан. 14 жасында-ақ шешендігі мен батырлығының арқасында жоңғарлардың тұтқынындағы адамдарды мал-мүлкімен босатып алған. «Жеті жарғы» атты заң жинағын құруға атсалысқандардың бірі.



Өйтеке би – қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі. Ол жас кезінде Самарқандағы медреседе білім алып, логика, математика, астрономия т.б. пәндерді меңгерген. «Жеті жарғы» атты заң жинағын құруға атсалысқандардың бірі.

Хандар мен билердің ортақ мақсаты болды. Олар елді біріктірді. Әділдік пен тәртіпті, дәстүр мен салтты сақтады, халықтың тыныштығын ойлады.



Сен білесің бе?

Қазақ халқының зор құрметке ие билері – Төле би, Қазыбек би және Өйтеке би өте әділ және шешен болған.

Билер даулы мәселелерді бір ауыз сөзбен шешкен.
Төле би жас кезінен зерек болған. Адамдар оның ақылы-
на таңғалатын еді.

Қазыбек би сөйлеген кезде даусы саңқылдап шығатын
болған. Сол себепті ол «Қаз дауысты Қазыбек» атанған.

Әйтеке би өте тапқыр екен, қиын мәселені оңай шешкен.

Үш би ел арасында татулық пен бірлікті сақтауды мақсат
тұтқан. Сондықтан оларды халық әлі күнге дейін құрметтейді.

kazneb.kz



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. Қазыбек би мен Әйтеке бидің халық бірлігін сақтау-
дағы әрекеттерін салыстыр.



3. Абылай хан немесе үш бидің бірін таңдап, постер жаса.
Ғаламтордан билердің нақыл сөздерін тауып қолдан.



4. Жағдаятты талдап, сұрақтарға жауап бер.

Елге жау шапты. Халықтың қорғануы керек.

1. Бұл жағдайда хан не істер еді? 2. Батырлар қандай
әрекет жасайды? 3. Би қандай кеңес береді? 4. Үшеуінің
қайсысы бірінші әрекет етеді деп ойлайсың? Неліктен?



5. Сұрақтарға жауап бер.

- Ханның негізгі міндеті не болған?
- Би дегеніміз кім?
- Абылай хан ел үшін қандай еңбек сіңірді?
- Сен қандай тарихи тұлғаны үлгі тұтар едің? Неліктен?



25-сабақ

Ғалымның хаты өлмейді

Бүгінгі сабақта:

- тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының рухани азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсетесіз.

Абай Құнанбайұлы,
Ыбырай Алтынсарин,
Ахмет Байтұрсынұлы,
ағартушылар.



- Халық неге «Білімдінің күні жарық» дейді?




Өткен ғасырларда ағартушылар халқымыздың рухани азат, білімді ел болуын армандаған.

Олар білім мен ғылымды насихаттаған, халықты оқуға, өнерге шақырған. Білім алудың маңызын түсіндіріп, мектеп ашып, кітап жазған. Мысалы, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин және Ахмет Байтұрсынұлы сияқты тұлғалар өз өмірін осы мақсатқа арнаған.



Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – ақын, ағартушы, аудармашы. Парсы, орыс, араб тілдерін жақсы білген. Ол халықты білімге, еңбекке, өнерге шақырған. Абай Құнанбайұлы орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударған.



Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – ағартушы, ұстаз. Қазақ даласында алғаш рет мектеп ашқан. Мектеп оқушыларына арнап қазақ тілінде оқу құралдарын жазған. Оның шығармалары балаларды білім алуға, еңбекқор, адал және мейірімді болуға шақырды.



Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937) – педагог, қоғам қайраткері. Қазақ тілін зерттеп, әліп-биді жетілдірген ғалым, ағартушы. Мектепке арналған оқу құралдар, оқулықтар жазды. Халықтың білім алуына зор үлес қосты.

Бұл тұлғалар халықтың білімді болғанын және елдің дамып, жоғары жетістікке жетуін армандаған. Олар – қазақ халқының мақтанышы. Біз олардың еңбегін әрқашан құрметтейміз.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



В деңгейі. QR-ды ашып, бейнежазбамен таныс. *17-кесте* бойынша ағартушылар өсиетіне өз ойыңды білдір.



17-кесте. Ағартушылар өсиеті

Ағартушылар өсиеті	Сенің ойың
Білім алуды жас кезден бастау керек	
Адам оқу, білімге ұмтылуы, еңбекқорлық, адамгершілікті дамытуы керек	
Күнде өз-өзінен есеп алуы керек	

С деңгейі. «Мен ағартушылардан не үйрендім?» атты шағын эссе жаз.



2. QR-ды ашып, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңін тыңдаңдар. Жүппен 2-сызбаны толтырыңдар.





3. Екі тапсырманың бірін таңдап орындаңдар.

- 3 топқа бөлініп, аталған тұлғалар туралы таныстырылым жасаңдар.



- «Қарға мен түлкі» мысалын оқып, қойылым жасаңдар.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Ағартушылар дегеніміз кімдер?
- Олар халықтың рухани азаттығы үшін не істеді?
- Қай тұлғаны үлгі тұтар едің? Неліктен?
- Егер сен осы үш тұлғаның бірімен кездессең, қандай сұрақ қояр едің?



26-сабақ

Тәуелсіздік – бабалар аманаты

Бүгінгі сабақта:

- қазақ елінің тәуелсіздігі үшін күрескен батырлар туралы білесің.

Тәуелсіздік, батырлар,
Исатай Тайманұлы,
Махамбет Өтемісұлы.



- Қазақ елінің тәуелсіздігі*, әділеттілік үшін күрескен қандай батырларды білесің?



Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін әр кезеңде көптеген батырлар ерлік көрсеткен. Олар – халқымыздың азаттығы мен бостандығы жолында жанын қиған ержүрек тұлғалар. Батырлар елін қорғап, ұрпағына бейбіт өмір қалдыру үшін күресті. Осындай қаһармандардың өмірі – біз үшін үлгі, тарих үшін қазына.

Исатай Тайманұлы өмір сүрген уақытта халық ауыр салықтан қиналған еді. Ол өте батыл, әділ адам еді. Сенімді серігі, ақын Махамбет Өтемісұлымен бірге патша билігінің әділетсіздігіне қарсы шықты. Екі батыр халықты жинап, бәрін бірге күресуге шақырды. Махамбеттің батырлығы, жалынды жырлары көпшілікке қуат берді.



Исатай Тайманұлы (1791–1838) – қазақ халқының ержүрек батыры. Исатайдың арғы атасы – жоңғар шапқыншылығы* кезінде ерлігімен аты шыққан Ағатай батыр.

Исатай халықтың мүддесін қорғады, қиын кезде елге қамқор, ақылшы болды. Қарапайым адамдарды қорғап, әділетсіздікке қарсы шықты. Оның ұлы Жақия да әкесімен бірге әділдік үшін күресті.



Махамбет Өтемісұлы (1803–1846) – ақын, халықтың бостандығы үшін күрескен батыр. Махамбет орыс, татар, араб тілдерін білген. Оның әкесі Өтеміс ықпалды билердің бірі болған. Халық мүддесін жоғары қойған. Махамбеттің тоғыз бауыры да қаруланып, атқа қонған. Осы ұлт-азаттық күреске арнап, күйші Құрманғазы 13 жасында «Кішкентай» атты күй шығарған.

Бұл батырлар – еліміздің тәуелсіздік үшін жүргізген күресінің тарихында мәңгілік орын алған тұлғалар. Олардың отаншылдығы – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Біз оларды құрметтеп, ерлігін ұмытпауымыз керек.



1. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



2. «Егер мен батыр болсам ...» тақырыбында өз ойыңды айт.

Елді қалай қорғар едің? Батыр болу үшін бойыңда қандай қасиеттерді қалыптастырар едің?



3. QR-ды ашып, бейнежазбаны көр. Осында аталған осы заманның атақты тұлғаларын «батырлар» деп атауға бола ма? Неліктен? Өз ойыңды айт.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Қандай батырлар ел азаттығы, бостандығы үшін күресті?
- Исатай батырдың ерлігі неде?
- Махамбет қандай ақын еді?
- Батырлардан біз қандай үлгі аламыз?



VI БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

«Атақты тұлғалар» бөлімінен мен көне түркілердің атақты тұлғалары: Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк туралы білдім.

Қазақ хандары: Керей хан, Жәнібек хан, Абылай хан туралы білдім.

Билер: Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би туралы білдім.

Ағартушы ақын, ғалымдар: Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы туралы білдім.

Ұлт азаттығы үшін күрескен батырлар: Исатай және Махамбет туралы білдім.

Мен не үйрендім?

Түркілердің өмір салтын анықтауды үйрендім.

Тұлғаларды қызметіне қарай бөлуді, «Кім? Не істеді? Неге?» үлгісімен сөйлем құрастыруды үйрендім.

Ерлік пен білімнің ортақ мақсатын анықтауды үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

«Егер мен Күлтегінмен кездессем, қандай сұрақ қояр едім? Неге?»

Сөйлемді аяқта: «1465 жыл маңызды, себебі ...»

Бір тұлғаны таңдап, оған мадақ сөздер айт.

«Неге халық Исатай мен Махамбетті қолдады?» деген сұраққа 2 себеп тап.

Біліміңді тексер

QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер.



VII БӨЛІМ

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ



► Бұл бөлімнен сен:

табиғат пен адам арасындағы
байланысты талдауды үйренесің;



Қазақстандағы ең танымал және қы-
зықты туристік орындарды, туризм-
нің адам өміріне және ел мәдениеті-
не әсерін зерттейсің;

табиғи ортада болатын қауіп-қатер
түрлерін білесің;



өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін
алдын алу шараларын және әрекет
жоспарларын құруды үйренесің.





27-сабақ

Табиғат пен адамның байланысы

Бүгінгі сабақта:

- жазық, таулы және шөлді аймақтар туралы білесің;
- адамдардың табиғатқа бейімделіп өмір сүретінін дәлелдей аласың.

Жазық жер, таулы аймақ, су көзі, шөлейт, шөлді жер.



• Сен жер бедері туралы не білесің?



Жер бедері – жер бетінің әртүрлі пішіндері. Оған жазықтар, таулар, төбелер мен ойпаттар жатады. Жер бедері адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіне әсер етеді.

Жазық жер – жер беті тегіс немесе сәл ғана толқынды болып келетін аймақ (64-сурет). Мұндай жерлерде төбе, тау, ойпаттар аз. Сондықтан жол, үй салуға, егін егуге, мал бағуға өте ыңғайлы.



64-сурет. Жазық дала

Қазақстанда жазықтар көп. Әсіресе, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Қарағанды облыстары жазық аймақтарға жатады. Бұл жерлерде шөптесін өсімдіктер өседі. Жазда күн жылы, жауын-шашын жеткілікті, ал қыста қар түсіп, аяз болады. Жазық жерлерде астық (бидай,

арпа) егумен айналысатын шаруашылықтар көп. Мал өсіру де дамыған, себебі жайылым үшін кең әрі ашық жер қажет.

Жазықта өзендер мен көлдер жиі кездеседі. Мысалы, Есіл, Нұра, Тобыл өзендері. Су егін суаруға, тұрмысқа және мал суаруға пайдаланылады. Жазықта қалалар мен ауылдар тығыз орналасқан. Мұнда адамдар табиғатпен үйлесімді өмір сүреді.

Таулы жер – жер бедері биік, беті ойлы-қырлы, көп жері тік беткейлі болатын аймақ (65-сурет). Тауларда ауа райы жазыққа қарағанда өзгеше: жазда салқын, қыста суық әрі қар көп түседі.



65-сурет. Таулар

Қазақстандағы ең биік таулы аймақтар – Алтай, Тянь-Шань және Жоңғар Алатауы. Олар елдің оңтүстігі мен шығысында орналасқан. Мұнда қылқан жапырақты ормандар, жайылымдар мен өзен-бұлақтар жиі кездеседі. Таулы аймақта топырақ құнарлы. Бірақ тегіс жер аз, сондықтан егін егу қиын. Малшаруашылығы, әсіресе, жайлауда мал бағу жақсы дамыған. Жазда малшылар малын тауда, шөпті жайылымда бағады.

Ертіс, Іле және Бұқтырма өзендері бастауын биік таулы өңірлерден алады. Тауда ауа райы қатал, кейде көшкін жүреді. Сондықтан мұндай аймақтарда халық сирек қоныстанады. Алайда таудың табиғаты өте әдемі. Таза ауа мен су – таулы жердің басты байлығы.

Су – тіршіліктің ең маңызды көзі. Қазақстанда өзендер, көлдер, бұлақтар бар. Бірақ жалпы алғанда елдің су

ресурстары шектеулі. Адамдар, жануарлар мен өсімдіктер суға мұқтаж. Сондықтан су көздері көп жерге адамдар жиі қоныстанады (66-сурет). Мысалы, Ертіс, Іле, Сырдария сияқты өзендердің бойында, Балқаш, Алакөл, Зайсан сияқты көлдердің жағасында көптеген ауылдар мен қалалар орналасқан. Бұл жерлерде адамдар балық аулап, егін егіп, мал өсіріп, түрлі кәсіппен айналысады.



66-сурет. Су – тіршілік көзі

Қазақстанда шөл және шөлейт аймақтар да бар. Мысалы, Бетпақдала, Мойынқұм, Қызылқұм, Маңғыстау өңірлері шөлге жатады. Мұнда құм, тас, сазды жерлер басым. Жер құрғақ, күн өте ыстық болады. Жаңбыр аз жауады, су көздері сирек кездеседі (67-сурет).



67-сурет. Шөлдер

Шөлде жусан, сексеуіл, жантақ сияқты құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер өседі. Жануарлардан дала тышқаны, кесіртке мен жылан сияқты шөлге бейім тіршілік иелері өмір сүреді. Су тапшы. Сондықтан мұндай жерлерде халық

аз қоныстанады. Тек құдық қазылған, малға жайылым бар жерлерде ғана ауылдар кездеседі. Бұл аймақтарда малшаруашылығы, әсіресе, түйе және қой өсіру көбірек дамыған.

Адам мен табиғат тығыз байланысты. Адамдар жер бедеріне бейімделіп өмір сүреді. Табиғи жағдай қолайлы болса, тіршілік те жақсы дамиды.

-  1. Сен табиғат зерттеушісісің. Алдында екі аймақ: 1) таулы, суы мол, климаты салқын; 2) жазық, өзен-көлдер бар, климаты жылы. Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Адамдар қай жерде көбірек қоныстанады деп ойлайсың? Неліктен? 2–3 дәлелмен жауап бер.

-  2. Топтарға бөлініңдер. Өздерің тұратын жерде адамдардың табиғатқа (өзен; мал жайылымы; орман немесе шөпті алқап; егістік) байланысты орналасқанын дәлелдендер.

-  3. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



-  4. Сұрақтарға жауап бере отырып, «Суды қалай үнемдеуге болады?» тақырыбында жоба қорға.

1. Су көзі. 2. Оларды пайдалану жолдары. 3. Күнделікті суды қолдану. 4. Қалай үнемдеуге болады? 5. Қорытынды.

-  5. Сұрақтарға жауап бер.
- Адамдар неге су көздерінің маңына қоныстанады?
 - Жазық жерде өмір сүру неге қолайлы?
 - Таулы жерде қандай қиындықтар болады?
 - Шөлді аймақта адамдар немен айналысады?
 - Табиғи жағдайлар адам өміріне қалай әсер етеді?



28-сабақ

Саяхат – рухани байлық

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандарының рейтингін жасауды үйренесің.

Саяхат, туристік нысан, рейтинг түрлері.



- Сен саяхатқа шығып көрдің бе?
- Туристер көбіне қайда барады екен?



Адам саяхат арқылы жаңа жерлерді көреді, басқа елдер мен халықтар туралы біледі. Табиғатты тамашалайды, тарихи орындармен танысады (3-сызба). Бұл – білім мен ой-өрісті кеңейтудің қызықты тәсілі.

3-сызба.



Туризм бағытына қарай **ішкі** және **сыртқы** туризм деп бөлінеді (18-кесте).

18-кесте. Ішкі және сыртқы туризм

Ішкі туризм	Адамның өз елінің ішінде саяхаттауы (мысалы, Алматыдан Бурабайға бару)
Сыртқы туризм	Басқа елдерге саяхат жасау (мысалы, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан т.б.)


Қазақстанның табиғаты әсем, тарихи жерлері, музейлер көп. Саяхат жасауға болатын ерекше орындар мол. Елімізде ішкі туризмнің көп түрлері (19-кесте) дамыған.

19-кесте. Туризмнің негізгі түрлері

Мәдени туризм	Тарихи ескерткіштерді, музейлерді, мәдени орындарды көру.
Спорттық туризм	Жаяу серуендеу, тауға шығу, спорттық саяхаттар
Экотуризм	Табиғи жерлерге саяхат жасап, қоршаған ортаны таза сақтауға бағытталған туризм түрі. Өсімдіктер мен жануарларға зиян келтірмейді.
Емдік туризм	Денсаулықты жақсарту үшін шипажайларға, емдік орындарға бару

Қазақстандағы саяхат жасауға болатын ең тартымды нысандардың рейтингтік (орындар) тізімі:

- | | |
|------------------------|-----------------------------|
| 1-орын: Бурабай | 5-орын: Шарын шатқалы |
| 2-орын: Көлсай көлдері | 6-орын: Алтынемел |
| 3-орын: Балқаш көлі | 7-орын: Бесшатыр қорғандары |
| 4-орын: Алакөл | |



1. Бурабай – Қазақстандағы ең көрікті демалыс орындарының бірі. Ол Ақмола облысында орналасқан. Бурабайда таулар, ормандар және көлдер көп. Бурабайды «Қазақстанның Швейцариясы» деп атайды. Өйткені оның табиғаты осы елдегі әдемі таулы жерлерге ұқсайды.




2. Көлсай көлдері – Алматы облысындағы әсем таулы аймақта орналасқан үш әдемі көл. Бұл көлдер Күнгей Алатауының бөктерінде жатыр. Теңіз деңгейінен 1000 метр биіктікте орналасқан. Адамдар мұнда демалу, табиғатты көру, жаяу серуендеу үшін келеді. Көлдің суы мөп-мөлдір, суық. Табиғаты тыныш әрі таза.



3. Балқаш көлі – Қазақстандағы ірі, тартымды туристік орындардың бірі. Көл Қарағанды және Жетісу өңірінде орналасқан. Ерекшелігі – оның бір жағы тұщы, екінші жағы тұзды. Бұл – демалу мен табиғатты тамашалау орны.



4. Алакөл – Жетісу және Шығыс Қазақстан облысында орналасқан көл. Ол минералды заттарға бай, емдік қасиеті мол. Адамдар емделу және демалу үшін көлге көп келеді. Алакөлдің жағасында түрлі құстар мен жануарлар мекендейді.




5. Шарын шатқалы Алматы облысында, Шарын өзенінің бойында. Ол қызыл, сары, қоңыр түсті үлкен жартастардан тұрады. Ол шамамен 12 млн жыл бұрын қалыптасқан. Жартастардың ерекше пішіні мен түсі жел мен судың әсерінен болған. Тереңдігі 300 метрге дейін жетеді. Мұнда сирек өсімдіктер мен жануарлар бар. Мысалы, соғды (Шарын) шетені деген ағаш тек осында және Солтүстік Америкада өседі.



6. Алтынемел – Алматы облысында орналасқан ең ірі табиғи қорықтың бірі. Ерекшелігі:

- Әншіқұм: жел соққанда құм музыка сазы тәрізді ерекше дыбыс шығарады.
- Ақтау таулары: қызыл, ақ, жасыл реңкті борлы жартас жоталар.



- Беспатыр қорғандары: сақ дәуірінен қалған ежелгі мәдени ескерткіш.
- Ошақтас стеллалары – жартас үстіне орнатылған тастар. Биіктігі – 2 м. Бұрынғы уақытта белгі болған.

Саябақта сирек өсімдік, жануар түрлері қорғалуда. Мұнда 1 800-ге жуық өсімдік, 260-тан астам жануар түрі бар. Олардың 56 түрі Қызыл кітапқа енгізілген.

Елімізде Түркістан, Тараз, Отырар, Есік сияқты тарихи қалалар да бар. Онда көне ғимараттар мен кесенелер сақталған.

Саяхат – тек қызық емес, **рухани байлық**. Ол адамның ішкі жан дүниесін байытады. Айналаны көру арқылы табиғатты, тарихты, мәдениетті құрметтеуді үйренеді, өз туған жерінің қасиетін түсінеді. Саяхат жасау тек демалыс емес, ол білім мен рухани байлыққа жол ашады.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. Экотуризм мен тарихи туризмнің ұқсастығы мен айырмашылығы қандай? Айтып бер (20-кесте).

20-кесте. Экотуризм мен тарихи туризм

Ұқсастығы	Айырмашылығы

В деңгейі. Топта Қазақстандағы белгілі туристік нысандарды қолданып, саяхат маршрутын құрастырыңдар.

- Қай жерлерге барасыздар? Неліктен сол жерді таңдадыңдар?
- Қандай әрекеттер жасайсыңдар? (мысалы, экскурсия, серуендеу, тамақтану)

С деңгейі. Қазақстанда туризмді дамыту үшін не істеу керек деп ойлайсың? 3 ұсыныс айт.



2. QR-ды ашып, бейнежазбаны көр. Өзіңе ұнаған Қазақстан өзені немесе көлі туралы таныстырылым жаса.



3. Сұрақтарға жауап бер.

- Бурабай қайда орналасқан? Онда нені көруге болады?
- Алтынемел ұлттық саябағы қашан құрылған?
- Көлсай көлдері қайда орналасқан?
- Туризмнің қандай түрлерін білесің?



29-сабақ

Табиғи апаттар және олардан қорғану

Бүгінгі сабақта:

- геологиялық және табиғи-климаттық апаттардың түрлерін танысың, олардан төнетін қауіпті және салдарын білесің;
- апаттар кезінде неліктен қауіпсіздік ережелерін сақтау керек екенін білесің.

Табиғат, қауіп,
жер сілкінісі,
жанартау, сел,
боран.



- Табиғат адамға қауіп төндіруі мүмкін бе?



Адамдар табиғатпен тығыз байланысты. Табиғатта кейде күтпеген жағдай – **табиғи апаттар** орын алады. Олар адам өміріне, жануарларға, үйлерге қауіп төндіруі мүмкін.

Табиғи апаттар – табиғатта өздігінен болатын, адамдарға қауіп төндіретін жағдайлар. Олар екіге бөлінеді:

1. Геологиялық апаттар

Бұлар – жердің қозғалысы мен өзгеруінен болатын апаттар.

- **Жер сілкінісі** – жердің дірілдеуі, қатты дүмпуі. Ғимараттар құлап, адамдарға зақым келуі мүмкін (*68-сурет*).
- **Жанартаудың атқылауы** – жер астынан ыстық лава, күл мен газдың атқылауы (*69-сурет*).
- **Жер көшкіні** – таудан немесе төбеден үлкен тастар мен топырақтың сырғып түсуі.

2. Табиғи-климаттық апаттар дегеніміз – ауа райының қатты өзгеруінен болатын апаттар.

- **Сел** – таудан қатты ағынмен аққан лайлы су мен тастар.
- **Су тасқыны** – өзендердің арнасынан асып, елді мекендерді су басуы (*70-сурет*).
- **Дауыл** – өте қатты жел. Кейде жаңбырмен немесе найзағаймен бірге болады (*71-сурет*).
- **Боран** – қарлы жел, жолдар жабылып, көру мүмкіндігі азаяды (*72-сурет*).

- **Қар көшкіні** – таудан қардың көп көлемде сырғып түсуі (73-сурет).



68-сурет. Жер сілкінісі



69-сурет. Жанартау



70-сурет. Су тасқыны



71-сурет. Дауыл



72-сурет. Боран



73-сурет. Қар көшкіні

Апат болғанда сабыр сақтап, қауіпсіз орынға бару керек. Өмірімізді қорғау үшін қауіпсіздік ережелерін білу маңызды.

Жер сілкінісі кезінде: 1. Үрейге берілме. Үйде болсаң, үстелдің астына тығыл. 2. Терезе, айна сияқты заттардан алыс бол. 3. Жеделсатымен түспе, баспалдақты пайдалан.

Сел немесе су тасқыны кезінде: 1. Биік жерге шық. 2. Ағын судан өтпе. 3. Электр құралдарынан аулақ бол.

Дауыл, боран кезінде: 1. Үйде немесе қауіпсіз ғимарат ішінде бол. 2. Терезені мықтап жап. Ашық жерге шықпа. 3. Электр сымдарына, құлаған ағаштарға жақындама.

Қар көшкіні қаупі болса: 1. Қар көп жауған кезде, тауға шықпа. 2. Егер кенеттен қар көшкіні қаупі байқалса, жүгірме, секірме. Қозғалуға кедергі келтіретін ауыр заттарды (шаңғы т.б.) тастап кет.

Табиғи апаттар – өмірдің бір бөлігі. Олардан қорғану үшін **білім мен дайындық** қажет. Табиғатты жіті бақылап, өзінің, басқалардың қауіпсіздігін сақтау – әр адамның міндеті. Қауіпсіздік ережелерін білсең, кез келген қиындықты жеңе аласың!



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



В деңгейі. «Егер мен...» ойыны. Берілген сөйлемдерді аяқта.

- Егер табиғи апат кезінде көшеде болсам, мен...
- Егер өз отбасымды қорғағым келсе, мен...
- Егер мектепте апатқа тап болсам, мен...

С деңгейі. Сен тұратын аймақта қандай табиғи апат қаупі бар екенін зерттеп, хабарлама және қауіпсіздік ережелерін дайында.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- Табиғи апат дегеніміз не? Геологиялық апаттарды ата.
- Табиғи-климаттық апаттарға мысал келтір.
- Жер сілкінісі кезінде не істеу керек? Сел болса ше?
- Қар көшкіні неден пайда болады?
- Дауыл болса, қандай қауіпсіздік шараларын сақтау керек?



30-сабақ

Табиғатты қорғау – болашақты қорғау

Бүгінгі сабақта:

- табиғаттың адам өміріне әсерін түсінесің, оны қорғаудың маңызын білесің, қоршаған ортаны ластамау ережелері мен табиғатты қорғау жолдарын білесің.

Табиғат, қауіптер, улы өсімдік, жануарлар, тазалық.



- Табиғаттың адам үшін маңызы қандай?
- Табиғаттағы қауіпсіздік шараларын білесің бе?



74-сурет. Табиғат аясында



Табиғат – біздің ортақ үйіміз (74-сурет). Орман, өзен, ауа мен топырақ – бәрі табиғаттың бір бөлігі. Табиғат таза болса, адамдар мен жануарларға қолайлы әсер етеді.

Егер біз табиғатты ластасақ, жануарлар мен өсімдіктерге зиян келеді. Қоқысты тастап кету, суды былғау, орманда от жағу – өте қауіпті әрекеттер. Әр қауіптің алдын алу керек.

Табиғатты таза ұстау – біздің міндетіміз. Қоқысты арнайы жәшікке салып, ағаш отырғызу, суды үнемді пайдалану – табиғатқа деген қамқорлықтың белгісі.

Табиғат аясында демалу – өте қызықты және пайдалы. Бірақ табиғатта әрдайым сақтық керек. Табиғатта адамға кө-

рінбейтін немесе байқалмайтын қауіптер бар (21-кесте). Сондықтан қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды.

21-кесте. Табиғаттағы қауіп түрлері

Қауіп түрі	Қысқаша түсінік
	Күн өтуі – ұзақ уақыт күн астында қалсаң, басың ауырып, денең қызуы мүмкін. Сондықтан ыстық кезде көлеңкеде демалу, бас киім кию, су ішу керек. Суықтан тоңу – киім су болса, желде көп тұрсаң, аязда дене тоңуы мүмкін.
	Кейбір өсімдіктер улы болады. Қол тигізсең, тері қызарып, ауырып қалуы мүмкін.
	Табиғатта улы саңырауқұлақтар да кездеседі. Олар денсаулыққа зиянды.
	Маса, кене және кейбір аралар шаққанда адамға зиян келтіруі мүмкін. Арнайы спрей қолдан.
	Аю, түлкі, қасқыр – қауіпті жануарлар. Оларға жақындауға, тыныштығын бұзуға болмайды.
	Терең көлдер, өзендердің жағасында абай бол. Суға құтқарғыш киіммен түскен жөн. Жағадан алыстама.
	Белгісіз жолмен кетсең, адасуың мүмкін. Жалғыз жүрме.
	От жағып ойнама. Киімге, шөпке от түссе, өрт шығады. Отты тек үлкендер жағуы керек. Кетерде өшіріп кету қажет.

Балаларға арналған қауіпсіздік кеңестері:

1. Орманға жалғыз барма.

2. Таныс жолмен жүр.
3. Бейтаныс затты ұстама.
4. Суға ересек адаммен бар.
5. От жағуға тыйым салынады – өрт шығуы мүмкін.
6. Өзіңмен бірге ысқырғыш, су алып жүр.
7. Қоқыс тастама, табиғатты таза ұста.
8. Тұсбағар алып жүр.

Табиғатта демалу өте пайдалы әрі қызықты. Бірақ әрқашан қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Сол кезде сен өзіңді де, табиғатты да қорғайсың. Табиғат бізге дос, бірақ оны құрметтеу, сақ болу – әр адамның міндеті.

Еліміздегі «Таза Қазақстан» бастамасы әр адамды табиғатты аялауға және қоршаған ортаны таза ұстауға шақырады.

-  1. «Менің қауіпсіз демалысым». Өзің табиғатта демалғанда сақтайтын 3 ережені жазып, суретпен безендір.

-  2. Жағдаятты шеш.
 - Сен досыңның беймәлім жидек жеп жатқанын көрдің. Не істейсің?
 - Сен күн ыстықта бас киімсіз жүрген баланы кездестірдің. Не айтар едің?
 - Су жағасында жалғыз ойнап жүрген баланы көрдің. Қандай кеңес берер едің?

-  3. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



-  4. Сұрақтарға жауап бер.
 - Табиғаттағы қауіпсіздік ережесін не үшін білуіміз керек?
 - Сен табиғатқа шыққанда өзіңді қалай қорғайсың?
 - Табиғатта жәндіктер шаққанда не істеу керек?
 - «Таза Қазақстан» бастамасына сен қандай үлес қосып жүрсің?



VII БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

Бұл бөлімнен адамдардың табиғатқа бейімделіп өмір сүретінін білдім.

Қазақстанда көптеген әдемі табиғи жерлер мен тарихи орындардың бар екенін білдім.

Туристерге арналған орындарда тәртіп сақтау қажеттігін, табиғи апаттардың күтпеген жағдайда болатынын білдім.

Апат кезінде сабыр сақтаудың маңызды екенін түсіндім.

Табиғатта демалғанда сақталатын негізгі қауіпсіздік ережелерін білдім.

Мен не үйрендім:

Туристік бағыттарды анықтауды үйрендім.

Табиғатты қорғау мен туризмді дамыту идеяларын ойлауды үйрендім.

Қауіпсіздік ережелерін есте сақтауды үйрендім. Өртүрлі жағдайға дайын болу керектігін түсіндім.

Сыни ойлау тапсырмалары

«Не болар еді?» (What if) әдісі

Егер сен күн астында бас киімсіз ұзақ отырсаң, не болар еді?

Егер сен суға жалғыз түссең, не болуы мүмкін?

Егер сен орманда от жақсаң, қандай жағдай орын алуы ықтимал?

Біліміңді тексер



QR-ды ашып, тест сұрақтарына жауап бер. Жазық жер, таулы аймақ, су көзі, шөлді жер.



VIII БӨЛІМ



ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР



Бұл бөлімнен сен:

тарих пен мәдениет ескерткіштері туралы;



тарихи ескерткіштерді сақтау арқылы өткенді ұмытпау және болашаққа жеткізудің маңызы туралы;

өз шығындарыңды жоспарлауды, ақшаны үнемдеудің маңызын;



спорт түрлерін қалай топтастыруға болатынын;

денсаулықты сақтау үшін спортпен айналысудың маңыздылығын;



Қазақстан халықтарының ең танымал ұлттық мерекелері туралы білесің.





31-сабақ

Өткенді ұмытпа, болашақты сақта

Бүгінгі сабақта:

- өз еліңнің тарихын танысың, көне ғимараттар, кесенелер, жазбалар, мүсіндер туралы білесің; ескерткіштерге зиян келтірмеу, оларды қорғау маңызды екенін түсінесің.

Тарих, Талас жазуы,
Түркістан, Сарайшық.



- Егер ата-бабамыздан қалған ескерткіштер жоғалып кетсе, біз өткен тарихты қалай білер едік?



Бүкіл әлемде тарихи және мәдени ескерткіштер сақталады. Тарих және мәдениет ескерткіштері – біздің ата-балаларымыздан қалған **ғимараттар, жазбалар, құрал-саймандар, мүсіндер, қалалар және басқа да құнды заттар мен орындар**. Олар біздің өткен тарихымызды, салт-дәстүрімізді, мәдениетімізді көрсетеді (*22-кесте*).

Ескерткіштерге жататындар:

- кесенелер, ескі қалалар мен қоныстар (*75-сурет*)
- тасқа қашалған жазулар (*76-сурет*)
- археологиялық қазбалар
- ескі құрал-саймандар
- мүсіндер мен ескерткіштер

22-кесте. Қазақстандағы тарихи және мәдени ескерткіштерге мысал

Ескерткіш атауы	Орналасқан жері	Қысқаша сипаттамасы
«Есік» мем-лекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі	Алматы облысы	ЮНЕСКО тізіміне енген, «Алтын адам» жәдігері табылған жер

Ескерткіш атауы	Орналасқан жері	Қысқаша сипаттамасы
Қарахан кесенесі	Тараз қаласы	Республикалық маңызы бар тарихи ескерткіш
Талас жазуының бір бөлігі	Жамбыл облысы Ақыртас өңірі	Көне түркі руникалық жазба ескерткіштері
Ескі Тараз қаласы	Жамбыл облысы	Ежелгі Жібек жолындағы қала орны
Сарайшық қаласы	Атырау облысы	Алтын Орда дәуірінде астана болған қала



75-сурет. Сарайшық қаласының орны



76-сурет. Қарахан кесенесі

Тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтау арқылы біз өткен ата-бабамыздың өмірі мен еңбегін есте сақтаймыз. Бұл бізге өзіміздің тарихымызды, мәдениетімізді білуге және болашақ ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. Егер біз оларды сақтамасак, біздің тарихымыз ұмытылуы мүмкін.

Уақыт әсер етіп, кейбір ескерткіштер бұзыла бастайды. Кейде адамдар да оларға зиян келтіруі мүмкін. Мұндай әрекеттерге жол беруге болмайды. Біз оларды қорғап, болашақ ұрпаққа жеткізуіміз керек.

Ескерткіштерге әсер ететін қауіптер:

- уақыт өте келе бұзылуы (жаңбыр, жел, күннің әсерінен);
- адамдардың бұзуы, жазу, қоқыс тастау;
- жер сілкінісі, су тасқыны сияқты табиғи апаттар;
- жөндеу жұмыстарының дұрыс жүргізілмеуі.

Ескерткіштерді қорғау жолдары:

- оларды бұзбай, ластанудан сақтау;
- арнайы қоршаулар қою, түсіндірме тақтайшалар ілу;
- мамандардың көмегімен қалпына келтіру;
- оқушыларға танымдық экскурсиялар ұйымдастыру арқылы маңыздылығын түсіндіру;
- қоғамдық тәрбие жұмыстарын жүргізу.

Ескерткіштер – біздің ұлттық байлығымыз. Ал оны сақтау – болашағымызға деген жауапкершілік. Өткенді ұмытпау – өз тамырымызды тану. Өткенін құрметтеген елдің болашағы жарқын болады.



1. Деңгейлік тапсырмаларды орында.

А деңгейі. Сөйлемдерді толықтыр.

- Тарихи және мәдени ескерткіштерге ... жатады.
- Қазақстандағы белгілі ескерткіштердің бірі –
- Ескерткіштер өткен заман туралы ... береді.

В деңгейі. Бір ескерткішті таңдап, 23-кестені дәптеріңе толтыр.

23-кесте. Ескерткіш туралы мәлімет

Ескерткіш атауы	Орналасқан жері	Немен танымал?



С деңгейі. QR-ды ашып, тарихи ескерткіш туралы бейнежазбаны көр. Мәліметтерді өз түсінігің бойынша ұсынып, мәтін құрастыр.



2. Сұрақтарға жауап бер.

- Өзің тұратын аймақта қандай тарихи ескерткіш бар?
- Тарих пен мәдениет ескерткіштерін неге сақтау керек?
- Ескерткіштердің болашақ ұрпақ үшін маңызы қандай?
- Оқушылар ескерткіштерді қорғауға қалай үлес қоса алады?



32-сабақ

Демалыста үнемдеп, жақсы демалуды үйренемін

Бүгінгі сабақта:

- демалыс кезінде ақшаны дұрыс жұмсауды, үнемдеуді, шығындарды жоспарлауды, жауапкершілікті үйренесің.

Демалыс, ақша, тиімді жоспарлау, шығын.



- Қалай үнемді әрі қызықты демалуға болады?
- Шығынды жоспарлау жолдары қандай?



Демалыс күндері әр адам жақсы демалғысы келеді. Біз серуендейміз, ойнаймыз, қонаққа барамыз. Бірақ демалу үшін көп ақша жұмсау міндетті емес. Егер өз шығындарымызды дұрыс жоспарласақ, үнемдеп, демалысты әрі қызықты, әрі пайдалы өткізе аламыз.

Алдымен, демалысқа қанша ақша жұмсай алатынымызды анықтаймыз. Артық зат сатып алмауға тырысамыз. Демалысты табиғат аясында өткізу де үнемді. Саябақта серуендеу, кітап оқу, велосипед тебу денсаулыққа пайдалы және көп шығынды қажет етпейді (24-кесте).

Шығындарды тиімді жоспарлау жолдары:

- Демалысқа алдын ала жоспар құру;
- Тегін ойындар мен серуендерді таңдау;
- Үйден тамақ алып шығу;
- Қажетсіз заттарды сатып алмау;
- Ақша жинауды үйрену.

24-кесте. Демалыста шығынды үнемдеудің мысалы

Демалыс-тағы әрекет	Қалай үнемдеймін?	Нәтижесі
Серуендеу	Саябаққа немесе аулаға барамын	Ақша жұмсалмайды

Демалыс-тағы әрекет	Қалай үнемдеймін?	Нәтижесі
Ойын-сауық	Ақылы ойынның орнына достарыммен ойнаймын	Қызықты әрі тегін
Тамақтану	Үйден тамақ, су алып шығамын	Артық шығын болмайды
Ойыншық алу	Қажет емес ойыншықты сатып алмаймын	Ақша үнемделеді
Кино, мультфильм	Үйден теледидардан немесе ғаламтордан көремін	Ақша сақталады
Жол жүру	Жақын жерге жаяу барамын	Жолақы үнемделеді
Ақша жинау	Үнемделген ақшаны жинақ қорапшасына саламын	Болашаққа жинау

Демалыс кезінде шығынды жоспарлау ақшаны дұрыс пайдалануды үйретеді.

- Үнемдеу – тек ақша сақтау емес, **уақытты және күшті дұрыс пайдалану.**
- Демалысты жоспарлау арқылы **күн тәртібін сақтауды** үйренеміз.
- Табиғат аясында демалу (таза ауа, серуен) **денсаулықты нығайтады** және тегін *(77-сурет)*.
- Үйде де пайдалы демалуға болады. Мысалы, кітап оқу, сурет салу, қолөнермен айналысу.
- Достармен бірге ойнау **қымбат ойындардан да қызықты.**
- Ақша ата-ананың еңбегімен келеді, ал оны дұрыс жұмсау ақылмен іске асады.
- Үнемделген ақшаны қажет заттарға жұмсауға болады. Мысалы, кітап алуға, мектеп құралдарына, пайдалы заттарға.
- Үнемшіл болу – **жауапкершілікті болудың белгісі.**



77-сурет. Табиғаттағы демалыс

Затқа ұқыпты қарау, барды қадірлеу – пайдалы әдеттер. Бағаны салыстырып көру, ысырапшыл болмау шығынды дұрыс жоспарлауға жол ашады. Үнемдеуді бала кезден үйренсек, болашақта ақшаны да, уақытты да дұрыс пайдалана алатын саналы азамат болып өсеміз.



1. Жағдаятты шеш.

Сен демалысқа керек заттарды сатып алу үшін дүкенге бардың. Дүкенде қазір 3 затқа жеңілдік бар екен: 1) сусын (бағасы: 200 теңге болған, жеңілдікпен 150 теңге), 2) доп (бағасы: 600 теңге болған, жеңілдікпен 450 теңге), 3) жемістер (бағасы: 300 теңге болған, жеңілдікпен 250 теңге).

- Қай заттарды сатып аласың? Неге?
- Егер саған тек 700 теңге берілсе, қандай таңдау жасайсың?
- Ақшанды үнемдеу үшін тағы қандай жолдар ұсына аласың?



2. Топтарға бөлініп, Маржанның қандай заттарды алатынын талқылаңдар. Содан кейін өз шешімдеріңді түсіндіріңдер.

Маржан ата-анасымен табиғатқа демалысқа шықпақшы. Ол қажетті заттардың тізімін жасады. Қандай заттар алады деп ойлайсыңдар?



3. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Үнемдеу деген не?
- Демалыста ақшаны қалай үнемдеуге болады?
- Үнемделген ақшаны қайда жұмсауға болады?
- Өзіңнің демалыстағы іс-әрекетіңді қалай бағалайсың?



33-сабақ

Салауатты өмір спорттан басталады

Бүгінгі сабақта:

- спорт түрлерін, спорт түріне қажетті құралдарды білесің;
- спортқа деген өз қызығушылығыңды және қабілетінді анықтауды үйренесің.

Спорт, жеке спорт, командалық спорт, экстремалды спорт, құрал-жабдық, қабілет.



- Сен спортпен айналысасың ба?
- Қандай спорт түрін ұнатасың?



Спортпен айналысу – денсаулық үшін өте пайдалы. Спорт бұлшық еттерді шынықтырады, жүрек пен өкпе жұмысын жақсартады. Сергек болуға көмектеседі.

Спортпен айналысу демалыс уақытында да белсенді түрде іске асырылады. Кейбір адамдар демалыс күндерін өзінің сүйікті спортына арнайтынын байқаған боларсың. Ол өздеріңе таныс жеке спорт, командалық спорт түрлері болуы мүмкін.

Спорттың бір түріне **экстремалды спорт*** жатады. Мысалы, сноубординг, скейтбординг*, серфинг* (толқында сырғанау), альпинизм – шыңға шығу (78-сурет) т.б. Балалар мұндай спортпен тек арнайы дайындықтан өтіп қана, жаттықтырушының бақылауымен және қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып айналыса алады.



78-сурет. Серфинг, сноубординг және альпинизм



79-сурет. Спортқа қажетті құрал-жабдықтар

Балалар демалыс кезінде спортпен белсенді айналысады. Мысалы, велосипед тебуге шығады немесе достарымен жиналып футбол ойнайды. Командалық, жеке спорт түрлерінен жарыстар өткізіп жатады. **Спортпен айналысу үшін** арнайы құрал-жабдықтар қажет. Әр спорт түрінің өзіндік ерекшелігіне байланысты қолданылатын заттар да әртүрлі болады (*79-сурет*).

✓ *Жеке спорт түрлеріне қажетті заттар:*

- **жүгіру үшін:** жеңіл және ыңғайлы спорт аяқкиімі, спорттық киім.
- **жүзу үшін:** жүзу баскиімі, жүзу киімі, жүзу көзілдірігі, жүзу тақтайшасы.
- **гимнастика үшін:** спортпен айналысуға арналған төсеніш, икемді спорт киімі.

✓ *Командалық спорт түрлеріне қажетті заттар:*

- **футбол үшін:** футбол добы, спорт аяқкиімі, тізеқап, форма.
- **баскетбол үшін:** баскетбол добы, спорт аяқкиімі, жеңіл форма.

✓ *Қауіпсіздікке арналған құралдар:*

- **велоспорт** – дулыға*, тізеқап* пен шынтаққап*.
- **шаңғы спорты** – шаңғы, арнайы киім, көзілдірік, баскиім.
- **скейтборд үшін** – ыңғайлы киім, дулыға, шынтаққап және тізеқап.

Спортқа арналған бұл құралдар адамның қозғалысын жеңілдетіп қана қоймай, жарақаттың алдын алуға көмектеседі.

- Сонымен қатар қауіпсіздік талаптарын да есте сақта:
- Спортпен арнайы алаңда айналыс.
 - Бір-бірін итеруге болмайды.
 - Қажет болса, қорғаныш құралдарын қолдан.
- Спортпен айналысқанда әрқашан қажетті жабдықтарды дұрыс таңдап, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды.



1. Жұптасып, сұрақтар негізінде «Өз қабілетіңе сай спортты таңда» атты сұхбат жүргізіндер.

- 1) Өзіңе ұнайтын бір спорт түрін ата.
- 2) Оған қандай құрал-жабдықтар қажет?
- 3) Бұл спорттың денсаулыққа қандай пайдасы бар?
- 4) Неліктен дәл осы спортты таңдадың?



2. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



3. «Спорт дүкені» ойыны. Топ болып, сатушы, спортшылар, кеңесші арасындағы әңгімені құрастырыңдар. Спортшы қажет құралдарды сұрайды. Мысалы, «Маған боксқа қолғап керек», «Қауіпсіздік үшін дулыға қажет» т.б. Кеңесші тағы қандай заттар керек екені туралы кеңес береді. Сатушы құралдарға қатысты сұрақтарды қояды.



4. Сұрақтарға жауап бер.

- Спорт адамның денсаулығына қалай әсер етеді?
- Сен қандай спорт түрімен айналысасың немесе айналысқың келеді?
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін заттар керек пе? Қалай ойлайсың?



34-сабақ

Ұлттық мереке – ұрпаққа үлгі

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстандағы ұлттық мерекені білесің; мерекенің мәнін түсінесің, бірлік пен достықтың маңызын білесің.

Ұлттық мереке,
тойлау, іс-шаралар,
бірлік, достық.



- Мерекелер адамдарды қалай біріктіреді деп ойлайсың?



Қазақстан – көптеген ұлттардың Отаны. Олар тату-тәтті өмір сүреді. Әр ұлттың өз салт-дәстүрі бар. Бірақ бәрінің жүрегі бір, арманы ортақ. Біз бір-біріміздің мәдениетімізді танимыз, құрметтейміз. Елімізде жыл сайын әртүрлі мерекелер атап өтіледі. Осындай мерекелер халқымызды біріктіреді, бірге тойлаймыз.

Республика күні – 25 қазан

Бұл – ұлттық мереке күні (80-сурет). 25 қазан – еліміздің саяси және тарихи дамуындағы ерекше күн. Ол



80-сурет. Республика күні

қазақстандықтардың бірлігін, ұлттық рухы мен мемлекеттілігін нығайтуды білдіреді.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы құжат жарияланды. Бұл тәуелсіздіктің негізі еді.

Мереке қарсаңында мектептерде салтанатты жиындар мен тәрбие сағаттары өткізілетінін білесің. Өзің де сыныптастарыңмен би билеп, ән айтып, мерекеге атсалысқан боларсың.

Республика күні – ресми демалыс күні. Балалар отбасымен, сынып жетекшілерімен бірге саябақтарға, мерекелік іс-шараларға бара алады.

Елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдері өздерінің салт-дәстүрлері мен мәдениетін таныстырады (81-сурет). Олар ұлттық киімдерін киіп, ән айтып, би билейді. Ұлттық тағамдарын ұсынып, қолөнер бұйымдарын көрсетеді.

Мұндай мерекелер халықтар арасындағы достық пен сыйластықты дамыта түседі.

Мерекеде спорттық ойындар ұйымдастырылады. Балалар арқан тарту, тоғызқұмалақ сияқты ұлттық ойындарға қатыса алады.

Республика күнінің маңызы – еліміздің тарихын құрметтеуге, Отанды сүйуге және халқымыздың бірлігін бағалауға үйрету. Бұл мереке әр азаматтың Қазақстанды мақтан тұтуына ықпал етеді.

Қазақстанның ұлттық мерекелері – халқымыздың бай мәдениеті мен тарихын танытады. Еліміздің бірлігін арттырады. Әр мереке – жас ұрпаққа үлгі-өнеге, тәр-



81-сурет. Қазақстан халқы әрдайым бірге

биенің тиімді көзі. Олар бізді татулыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді.

 1. Ғаламтордан Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелері туралы ақпарат жина.

 2. Топта Қазақстандағы мерекелер туралы плакат немесе постер жасандар.

- QR-кодпен берілген бейнежазбамен танысыңдар. Наурыз мерекесі туралы не білесіңдер?
- Мерекенің ерекшеліктерін, ұлттық киімдерін, тағамдарын көрсетіңдер.



 3. «Балаларға ұнайтын мерекелер» тақырыбында жоба қорға.

Егер саған мүмкіндік берілсе, қандай мереке ойлап табар едің?

1. Мерекенің атауы.
2. Не үшін керек?
3. Қандай бағытта болады?
4. Ол несімен ерекшеленеді?
5. Қорытынды.

 4. QR-ды ашып, интерактивті тапсырманы орында.



 5. Сұрақтарға жауап бер.

- Республика күні неліктен ұлттық мереке деп аталады?
- Бұл мерекені қалай тойлайсыңдар?
- Ұлттық мерекенің қандай маңызы бар?
- Осы мерекені сыныпта қалай атап өттіңдер?



VIII БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Мен не білдім?

Ескерткіштердің қандай маңызы бар екенін білдім, оларды қорғау қажет екенін түсіндім.

Қажет емес заттарға ақша жұмсамау керек екенін, ақшаны ақылмен пайдалану маңызды екенін білдім.

Спорттың түрлерін және олардың ерекшеліктерін білдім. Спортпен шұғылдану денсаулығымыз үшін өте пайдалы екенін түсіндім.

Қазақстандағы ұлттық мереке туралы білдім.

Ұлттық мерекелер адамдарды біріктіріп, ұрпаққа үлгі болатынын түсіндім.

Мен не үйрендім?

Тарихи және мәдени ескерткіштерді басқалардан айыра білуді, оларды қорғау жолдарын үйрендім.

Өз шығындарымды жоспарлауды және ақшамды үнемдеуді үйрендім.

Өзіме қай спорт түрі қолайлы екенін анықтауды үйрендім.

Әр мерекенің маңызы мен салт-дәстүрін үйрендім.

Сыни ойлау тапсырмалары

Егер сен шетелдік досыңды Қазақстанға шақырсаң, қай жерді көрсетер едің? Неге?

Сен жер сілкінісі кезінде мектепте болсаң, не істер едің?

Су тасқыны кезінде адамдарға қалай көмектесуге болады?

Табиғатта демалу кезінде қандай ережелерді орындау керек?

Біліміңді тексер



QR-кодты сканерлеп, тест сұрақтарына жауап бер.



Глоссарий

- **Айтыс** – топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.
- **Ақшаны үнемдеу** – қажетсіз затқа жұмсамай, ақшаны сақтау.
- **Астрономиялық белгілер** – адасып қалмас үшін көкжиек тұстарын Күнге, Айға және жұлдыздарға қарап анықтау.
- **Ауа райы** – белгілі бір күнде және жерде байқалатын температура, бұлт, жел, жауын-шашын сияқты табиғи құбылыстар.
- **Әдеп** – дұрыс, жақсы мінез-құлық ережелері.
- **Боран** – қатты жел мен қарлы дауыл.
- **Дәстүр** – халық арасында ұрпақтан ұрпаққа берілетін әдеттер.
- **Дулыға** – басты қорғауға арналған қорғаныш құралы, бас киім.
- **Егіншілік** – жер жыртып, дән егіп, өнім жинау.
- **Ереже** – белгілі бір ортада барлығына ортақ тәртіп.
- **Ескерткіш** – тарихи оқиғаны немесе белгілі адамды еске алу үшін салынған нысан.
- **Жануарлар әлемі** – орманда, далада, тауда, шөлде, суда және басқа табиғи ортада тіршілік ететін барлық жануарлар.
- **Жауын-шашын** – бұлттан жерге жаңбыр, қар, бұршақ болып түсетін табиғи құбылыс.
- **Жер сілкінісі** – жердің дірілдеуі, қатты дүмпуі.
- **Жергілікті жер** – біз тұрған немесе зерттелетін аймақ.
- **Жеті ата** – адамның жеті ата-бабасы, шежірелік туыстық тізім.
- **Жоңғар шапқыншылығы** – қазақ жеріне жоңғарлардың шабуыл жасап, елге қауіп төндірген кезеңі.
- **Зауыт** – түрлі техника, құрал жасалатын үлкен мекеме.
- **Киіз үй** – көшпенді халықтың оңай тігілетін, жиналатын және тасымалданатын үйі.
- **Күй** – домбыра, қобызда орындалатын музыкалық шығарма.
- **Конституция** – мемлекеттің ең басты, барлық адамға ортақ заңы.
- **Қаған** – ертедегі түркі тайпаларының көсемі немесе мемлекет басшысы.

- **Қағанат** – қаған билік жүргізген ежелгі түркі мемлекеті.
- **Қаржылық сауаттылық** – ақшаны дұрыс басқаруды білу.
- **Қауіпсіздік жоспары** – қауіпті жағдайлар кезінде не істеу керектігін көрсететін жоспар.
- **Қашықтық** – бір нысаннан екінші нысанға дейінгі арақашықтық.
- **Қоғам** – адамдардың бірге өмір сүретін үлкен тобы.
- **Қолөнер** – адамның қолымен жасалатын бұйымдар.
- **Құндылық** – адам өмірінде маңызды саналатын жақсы қасиеттер.
- **Малшаруашылығы** – мал өсірумен айналысатын кәсіп.
- **Масштаб** – нақты қашықтықты қағаз бетінде кішірейтіп көрсету.
- **Метро** – жер астымен жүретін жолаушы пойызы.
- **Мәдениет** – адамдардың салт-дәстүрі, өнері, құндылықтары.
- **Отырықшы** – бір жерде тұрақты тұратын адамдар.
- **Ою-өрнек** – заттарды (кілем, текемет, киім, әшекей т.б.), ғимараттарды безендендіруге арналған өрнек-нақыштар.
- **Өрт қаупі** – орманда, далада не үйде оттың шығу қаупі.
- **Өсімдіктер әлемі** – табиғатта өсетін барлық өсімдіктер.
- **Петроглиф** – ежелгі адамдардың тас бетіне (жартастарға, үңгірлерге) қашап, ойып немесе сызып салған бейнелері.
- **Рельеф** – жер бетінің ойлы-қырлы (таулы, т.б) көрінісі.
- **Сел** – жауын, қардан жиналған көп су, ағысы қатты тасқын.
- **Скейтбординг** – доңғалақты тақтаймен сырғанайтын спорт түрі.
- **Сноубординг** – қарда арнайы тақтаймен сырғанайтын спорт түрі.
- **Табыс** – жұмыс істеп тапқан ақша немесе пайда.
- **Тәртіп** – заң мен ереже бойынша дұрыс әрекет жасау.
- **Тәуелсіздік** – елдің өз бетімен өмір сүру құқығы.
- **Тізеқап пен шынтаққап** – тізе мен шынтақты жарақаттан қорғауға арналған қорғаныш заттар.
- **Үш жүз** – қазақ халқының тарихи бірлестіктері. Олар Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз деп аталады.
- **Экстремалды спорт** – қауіпті, жылдам қимылмен жасалатын спорт түрі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Дүниетану» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыргүйектегі № 399 бұйрығы).
2. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы).
3. Әдістемелік нұсқау хат «2025 – 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» 2025 ж.
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Біртұтас тәрбие бағдарламасы. – Астана, 2024 ж.
5. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі. Табиғи апаттар кезіндегі қауіпсіздік ережелері. – Астана, 2022.
6. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі. Қазақстанның тарихи-мәдени ескерткіштері. – Алматы, 2021.
7. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы. Қазақстан Республикасының ұлттық мерекелері. 1998.
8. «Жер әлемінің білімдары» білімді жетілдіруге арналған викториналық энциклопедия. – Атамұра, 2023.
9. «Жер және ғарыш» балаларға арналған танымдық энциклопедия. – Аруна, 2000.
10. «Таулар, жанартаулар, үңгірлер» балаларға арналған танымдық энциклопедия. – Аруна, 2000.

Электрондық ресурстар

1. <https://sozdikqor.kz/>
2. <https://library.mtdi.kz/main/> – Мемлекеттік тілді дамыту институты сайты. /жұмбақтар, мақалдар/

Мазмұны

Алғы сөз.....	4
I бөлім. Жанды табиғат.....	5
1-сабақ. Климат және ауа райы.....	6
2-сабақ. Адамдар неге әртүрлі жерде тұрады?.....	11
3-сабақ. Табиғи ортадағы қауіпсіздік.....	15
II бөлім. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.....	19
4-сабақ. Отбасы – менің бағалы қазынам.....	20
5-сабақ. Еңбек – отбасы мен мемлекеттің іргетасы.....	23
6-сабақ. Ақылды бала ақшасын жоспарлай біледі.....	26
7-сабақ. Әдептілік пен достық – өмірдің айнасы.....	28
8-сабақ. Сынып ережесі – тәртіп пен татулық кепілі.....	31
III бөлім. Уақыт.....	35
9-сабақ. Менің отбасым және шежірем.....	36
10-сабақ. Спорт түрлері және менің қабілетім.....	39
11-сабақ. Көшпелі және отырықшы өмір салты.....	42
12-сабақ. Тарихты танып, ескерткішті құрметтейік.....	44
13-сабақ. Конституция – еліміздің басты заңы.....	47
IV бөлім. Сәулет өнері.....	51
14-сабақ. Ауыл – елдің жүрегі, қала – елдің келбеті.....	52
15-сабақ. Саяхаттау – керемет әсер.....	55
16-сабақ. Жергілікті жердің жоспары.....	59
V бөлім. Өнер.....	63
17-сабақ. Отбасы – сыйластық пен сүйіспеншілік мектебі.....	64
18-сабақ. Сақтық – адамның ең жақсы қасиеті.....	68
19-сабақ. Әр белгіде сыр бар.....	71

20-сабақ. Тарих – тәрбие құралы.....	73
21-сабақ. Мәдени мұра – елдің мақтанышы	75
VI бөлім. Атақты тұлғалар	79
22-сабақ. Ұлы адамдардың ізі – тарихтың тірегі	80
23-сабақ. Тарихын таныған ел тозбайды.....	82
24-сабақ. Ел үшін туған ер – еліне пана	84
25-сабақ. Ғалымның хаты өлмейді	87
26-сабақ. Тәуелсіздік – бабалар аманаты	90
VII бөлім. Су – тіршілік көзі	93
27-сабақ. Табиғат пен адамның байланысы.....	94
28-сабақ. Саяхат – рухани байлық	98
29-сабақ. Табиғи апаттар және олардан қорғану	102
30-сабақ. Табиғатты қорғау – болашақты қорғау	105
VIII бөлім. Демалыс мәдениеті. Мерекелер	109
31-сабақ. Өткенді ұмытпа, болашақты сақта	110
32-сабақ. Демалыста үнемдеп, жақсы демалуды үйренемін.....	113
33-сабақ. Салауатты өмір спорттан басталады.....	116
34-сабақ. Ұлттық мереке – ұрпаққа үлгі	119
Глоссарий	123
Пайдаланылған әдебиеттер	125

Оқулық басылым

Бапиева Ельмира Бердибаевна
Смағұлова Дина Әлиқазықызы
Парменова Шолпан Абдиганбаровна

ДҮНИЕТАНУ

Бастауыш білім беру деңгейінің
3-сыныбына арналған оқулық

Бас редакторы	А.Бекболатова
Редакторы	Ж.Кулдарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редакторы	И.Кипчакбаева
Бильд-редакторы	А.Умбетқалиева
Арт-директоры	О.Подопригора
Дизайнер	С.Городова
Суретшінің көмекшісі	Д.Туранская
Беттегендер	Г.Илишева, И.Соколова

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2 үй, 55 пәтер.

Тел.: 8 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А м/а, 28Б үй.

Тел.: 8 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Теруге 03.10.25 берілді. Басуға 10.07.26 қол қойылды.

Пішімі 70 x 100 ¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік басмыс.

Шартты баспа табағы 10,32. Таралымы 17000 дана.

«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

Артикул 803-006-001к-26